

ПИОНЕР



АВГУСТ

1955 ЖЫЛ

№ 8

Нұтфолла Шакенов.

„СЫЙҚЫРЛЫ“ ҮҢГІР

Асқар да асқар бұлыңғыр
Құз таулар көктен төнеді.
„Сыйқырлы“ сонда бір үңгір
Аңыз боп көптен келеді.

Бір сөзден бір сөз түңіліп,
Қыйлы да қызық құбылған.
Үңгірді бойлап, үңіліп,
Ешкім жоқ дәл ұғынған.

Құпия сырлар қаттасып,
Талайлар тайқып, өкінді.
Түбінде соның от шашып
„Айдаһар“ жатқан сөкілді.

„Болсаң да қайда, қай сапар,
От үңгірге бармандар.
Жалғыз көзді айдаһар...
Жазым болып қалмандар!“

Сақтығын айтып осындай,
Әжеміз еткен күнде аңыз...
Жақында, міне, тосын жай
Естідік, бауырым, тыңдаңыз:

Балалар шығып аулаққа,
Жасапты сөруен, сауықты.
Баяғы сонау тау жақта
От үңгірді тауыпты.

Үрейлі үңгір сұстанып,
Жалтылдап, от боп ойнапты.
„Сыйқырлы“ тасқа сұктанып,
Балалар, сірә, қоймапты...

Әжеміз біздің кезі көп,
Көріпті сол бір достарды.
Айдаһардың „көзі“ деп,
Бөріпті бала фосфорды.





Айына бір рет шығады.

Коммунистік партия ісі үшін күреске дайын бол!

ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 8

АВГУСТ

1955 жыл

Шығуына 17 жыл.

Ыбырайым

С. Бегалин.

Әңгіме

Суреттерін салған Н. Лебедев

Колхоз бен қант зауыдының арасы біраз жер. Әсіресе, күн жауғанда, боранда кереқар соғады. Мұндайда «Майбұлақ» колхозынан шыққан балалар топтана қалады. Қант зауыдына қарай асатын қырқадан олар топтанып асқанда, ауыл адамдары тамашалап бір қарап қалады. Өйткені, оң жақ иықтарынан асыра киген сумкаларының бауы, омырауларындағы пионер галстуктері желбіреп балалар мектепке кетіп бара жатады. Қандай қызық. Сол топтың ішінде далбалаңдап Әлікен де кетіп бара жатады. Кейде ол кешігіп қалып жеке де кетеді. Ал, сабақтан қайтқанда, ылғый артта қалып, кейде түнде келеді. «Қайда болдың?» — деп үй іші тексермейді. Оған әбден еттері үйреніп кеткен.

Оқу басталғанына біраз ғана уақыт болған. Колхоздың егіні жыйналып аяқтап қалған. Алыстағы үйілген шөптер де мал базына тасыла бастады. Ерсілі-қарсылы шөп тартқан, бидай тартқан машина Ақсеңгір мен екі арадан қайшы алысады. Өйткені бірнеше колхоздың машинасы осы жолмен өтеді. Қант зауыдына қарай мектепке бет алғанда балалар осы көп машина жүретін жолды кесіп өтеді. Балалар төте соқпақпен асады. Ал, машина жүретін жол белесті бөктерлеп жазықпен айналып барады.

Балалар жүретін соқпақтың үлкен жолдан өтер жерінде, колхоздың сыйыр фермасы, оның қасында оқшаулау жерде жанармай қоятын қамба бар. Айналасы дуалмен қоршалған, ішінде машина жабдықтары тұрады. Күзетші де үзілмейді. Екі жылдан бері ауыр жұмыстан қалып, күзетке шыққан Ыбырайым

қартты балалар күнде сол қамба қақпасының алдында көреді. Кейде шуласып сәлем де беріседі. Кейде ойынмен алданып өте шығады. Қамбаны қоршаған дуалдың айналасын сыпырып-сыйырып, ықтаған шөп-шаламды, төгілген-шашылған май жұқанақтарын қырып, жонып, өрттен, оттан үнемі сақтық істеп тізе бүкпейтін қарттың қасынан балалар үнемі именіп өтеді. Өйткені, балалардың сіріңке шаққанын немесе темекі ұстап бара жатқанын көзі шалса, бір тергеп ұрыспай жібермейді. Оған болмаса әке-шешелеріне, мектепке барып тыйым салғызбай қоймайды. «Саулықтарыңа да жаман, өрт кетіресіңдер» — деп, бақылап отырады.

Екінші кезекте сабаққа баратын Әлікен, Мершімбай, Ғабділдер мектепке қарай өткенде, күн бүркі тартты. Ұяқаржан қыясында ұшпаланған бұлт көрінді. Түскі асын ішіп Ыбырайым ақсақал да күзетіне келе жатып балаларға қарсы жолықты. Балалар әдепмен сәлем берді. «О, бақытты болыңдар!» — деп, тәртіппен топтанып бара жатқан балаларға қуана қарап қарт орнына барды.

Әлікендер мектепке келгенде бірінші кезекте оқыйтын балалар дуылдап үйлеріне қайтып жатқан-ды. Үшінші класта екінші жыл оқып жүрген Мораш пен сақау Генка да сумкаларын сүйрете мектепті айнала берді. Бірақ, осы кезде Әлікеннің көзі түскені Мораштың қаққан ымы болды. Олардың ойынға бас қосатын жері, мерзімі сол қағысқан ым арқылы келісілетін.

Класқа келіп бірінші сабаққа отырғаннан ақ, Әлікеннің мазасы кете бастады. Оның көз алдына Мораш, Генка елестеп, бар ықыласы

ойында болды. Бесінші сабақтың ақырына зорға шыдады. «Шіркін-ай, бір темекі тартып жіберсе, сонан кейін асық қағып ойнаса, қандай қызық» — деп ынтығып отыр. Жұрттан жасырынып шылым тартуды ол соңғы күндері әдетке айналдырған еді. Ол тап осы ойда отырғанда қоңырау қағылды. Балалар дуылдап кластан таласа-тармаса шықты. Алдымен шыққан Әлікен киімін тез алып киіп, мектепті сырт айналып жоқ болды. Мершімбай мен Ғабділ оны біраз байқақтап тоспа-лады да жүріп кетті. Әлікен, әдетте, көбінесе олардан кейін қайтатын. Сондықтан олар тосып әуреленбейтін.

Әлікен сол бетінде Мораш пен Генканы әдеттегі жерден кездестірді. Үйреншікті ойындарына кірісіп кеп кетті. Ұяқаржан биігінен құлдылаған тұман жер бауырлай айналаны тұнжыратып келеді. Күн де батысқа еңкейіп қалған кез. Мектептегі оқу сағатын аяқтап қайтқан Хұсаин мұғалім, үйіне қарай өте беріп, ойнап жатқан үш баланы көріп әдейі бұрылды. Біреуі — үйі алыста, сонау колхоздан келіп оқыйтын Әлікен. Хұсаин қастарына келіп қалғанда, балалар ойындарын қоя салып әлдене сөйлесіп тұрған бола қалды. Бірақ, анадайдан көріп келген мұғалім мойындарын бұрғызбады. Алдымен Әлікенге ұрсып: «Ауылың алыс, мынау тұман, күн батып кетеді, жөнел, ертең әкенді мектепке шақырып кел» — деп, жөнелтті де, Мораш пен Генканы қолға алды. Олардың да әке-шешелерін ертіп келуді тапсырды.

Әлікен жоқ жерден қолға түсті. Тентектігі үшін талай сарапқа салған мұғалім оны тағы да ойын үстінде ұстады. Әкесіне не дейді? Пионерлер, оқытушылар қандай тергейді. Ол салбырай жүріп келеді, жүрісі өнімсіз-ақ.


Әлікеннің әншейінде қызарып тұратын көзі тұман дымқылынан онан сайын жасаурап, мүлде қып-қызыл болып жас парлайды. Ол жеңімен көзінің жасын бір сүрте беріп, мұғалімнің жеңмен көзді, мұрынды сүртпеңдер, көздеріңе, мұрындарыңа шаң түседі, одан ауру пайда болады дегені есіне түсіп, ол қалтасынан орамал іздеді. Оның қолына сіріңке мен папиростары түсті. Оның ерні жыбырлап, көмейі қышып кеткендей болды, жөткірініп қойды. Темекіні қолына ала бергенде, жол үстіндегі жанармай тұратын қамбаның қарайған аласа қорғаны көрінді. Онда Ыбырайым қарт отыр, ол көреді, ұрсады... Әлікен папиросты қалтасына қайта салды. Енді ілгері баса бергенде, жолдың дәл жиегінде жатқан екі темір бөшкені көрді. Келе айналдыра қарап еді,

өкеуі де бос бөшке, Әлікен бөшкенің бүйіріндегі тесігінен ішіне үңілді. Тек бензин иісі келеді. Басқа ешнәрсе көрінбейді. Қалтасына қайтадан салынбаған сіріңкенің қорабы қолында тұрған. Бұған бір ой сап өте түсті. Мына бөшкенің ішіне сіріңке шағып тастай берсем ішінде не бары көрінбей ме?..

Ол айналасына қарады. Жүрген жан жоқ. Жанармай қоймасының қорғаны қоңырайып көрінеді. Кісі байқалмайды. Ол қолындағы сіріңкені алып ашып жіберіп біреуін шағып кеп қалды. От алмады, тағы жан-жағына қарады. Тірі жан көрінбейді. Тағы бір шырпыны алды, шақпақтың сызат түспеген тың жеріне дәлдеп тартып қалды, лып етіп от алды. Сабағына таман қолымен қалқалап жандырды, сөйтті де, бөшкенің бүйіріндегі тесігінен сып еткізіп ішіне тастап келіп жіберді. Бөшкенің ішіне шырпы түсісімен лап етіп от алды. Жалындап жана бастады. Бірақ, ешнәрсе көріне қоймады. Тек сыртқа қоңыр түтін созылып шықты. Әлікен аз кейін шегініп жан-жағына қарады. Ешкім көрінбеді. Ол қайта бөшкеге үңілді, бөшкенің кішкене тесігінен енді сыртқа жылтылдап жалын тілі көрінді. Әлікен енді көрінер деп анықтап қарамақ болып жалын көрінген тесікке үңіле берді. Әлде не гүрс етті... Одан кейінгіні ол сезген жоқ.

* * *

Баздың қасынан тарс еткен оқыс дыбыс пен лап етіп жанған отты көрісімен Ыбырайым қарт далбаңдап жүгіре басып жеткенде, әр жерде жалындап жатқан бөшке сынығы



және анадай жерде етбетінен сілейіп жатқан баланы көрді. Ол алдымен балаға қарай жүре бергенде, бір үлкен жалын шалқый жанып, жол жиегіндегі бір түп бұта шиге, қурайға тиіп от ала бастады. Қарттың зәресі кетті. Арғы жағы қалың қурай боз. Ол жана бастаса, мына бүкіл алқап өртенеді. Ол өртенсе лезде базға жетіп барады. Баздағы жанармайға от іліксе, онда бұл үлкен өрт. Осының бәрі жана бастаған бұтаны, шиді көзі шалысымен өзінен өзі суреттеліп қарттың көз алдына келе қалды. Ол қолындағы таяғымен сабап қурайды жолдың тақырына қарай ысырып жіберіп өшіре салмақ болды. Оған сөнбей, арғы қауға қарай ұшқын түсіп от алуға бет алды. Бөшкенің басқа бір сынығы түскен жерден тағы от алып о да өрбіп барады. Енді қайтеді. Әлде базға барып қаңылтыр қағып ұран сала ма?.. Әлі балаға да мойын бұра алмай жатыр. Осы сәтте қасына келіп қалған колхоздың шофері Володя мен тракторист Теміржан екеуі машиналарын тоқтатып қарғып түсті. Сұлап жатқан баланы көріп:

— Өй, мынау жатқан бала кім, неғып жатыр өзі, тірі ме? — деп Володя келе баланы тұрғызбақ болып еді, баланың шекесінен қан ағып, былқ-сылқ етеді. Шошып кетті. Теміржан да жүгіріп келіп: «Не болған?» — деп, баланың басын сүйеді.

— Жігіттер-ау, өрт өрбіп барады, сендер бірің барып қаңылтыр қақ, мына баланы ана қабаққа апарып жатқыза тұр.


Теміржан жүгіріп базға кетті, қаңылтырды даңғырлатты. Өрт ұлғайып барады. Ыбырайым Володя екеуі машинадан күрек алып, саймандармен сабалап өртпен алысты.

Қаңылтырдың даңғырлаған дауысынан ауылдан кісілер жүгірісті. Улап-шулаған ел жыйналып өрт сөндіруде. Колхоздың фермада тұрған өрт сөндіргіштері де келіп жетті. Өртті сөндіріп, жеңе бастады.

Ауылдан дәрігер пунктінің адамы да келді. Талып, мертігіп жатқан Әлікеннің жарасын көріп, таңып байлап, носилкеге салып машинамен ауылға алып жөнелді.

* * *

Баласы кешігіп келмеген соң Әнипа Мершімбайдың үйіне барып, Генканың үйіне барып сұраған. Олар: «Сабақтан шығысымен таба алмай қалдық, көргеміз жоқ» — деп




шындарын айтқан. Жықан мектепке барып білемін деп екі рет шығып, таба алмай қайтып келген. Ұйқысыз, кейде қатерге, кейде бір жолдасымен ойнап қонып қалған шығар деген жұбаньшқа сүйеніп Әнипа мен Жықан көрер таңды көздерімен атқызды. Бірақ балаларынан ешбір хабар болмады.

Әлікеннің басынан кешкен уақытқа мектепке де хабарландырылды. Мектептен класс жетекшісі, бірнеше пионерлер Әлікеннің басынан кешкен жағдайды білуге келгенде, Жықаң да аурухананың алдында отырғанды. Машина жіберіп қант зауытынан алдырған дәрігер келіп, Әлікеннің жарасын, мертігін қарап, шекесінің жарығын байлап болғаны солды.

— Не деген ұрыншақ бала. Аяқ астынан өліп қала жаздау деген осы ғой, — деп Хұсани Жықаңа қарады.

Баласының ауыр жараланғанын көріп, солқылдап жылап жіберді. Есі шығып кетті. Ол баласының неден, қалай жараланғанын ойлаған да жоқ. «Жол үстіне бензин бөшкесін тастап, осы колхоздың салақтығы. Жарығым-ай, сол өртті сөндірем деп жараланды-ау. Ондайда жаны қала ма» — деп, баласын тамаша, өжет, қамқор бала қалпында есіне алды. Бірақ, баласының ісін естігенде, Жықан ұялғанынан үнсіз төмен қарады...



Әке мен бала

Зейнолла Қабдолов.

Повестен үзінді

Суреттерін салған Н. Лебедев.

...Қуқыл ренді кен дала танда сәл мұнартып, сұлқ жатқан; күн қыза алдамшы ажар тауып, кенет құбыла қалды. Ойнақы сағым аспаннан жерге төгіліп кеткен тасқынды теңіз тәрізді, дала қыйырын көкбұйра толқынмен көміп-көміп жіберді. Көз жетер жерде қозғалмайтын бұлдыр жоқ, бәрі түлеп, баяу сілкінгендей болады. Даланы қак айыра көсілген айдау жол арқандай шұбалып, анау бір алда көлбеген құба жонға асыла бұлаңдап қалыпты, ауадай түссіз әлдекім әрі қарай созып әкетіп бара жатқандай.

Дала күні шоқтай шымыр, шаңқыып тас төбеде тұр. Анда-санда ұйтқып өткен аңызак желден аптап, ыстық леп білінеді.

Міне жеңіл газик алдыңғы әйнегін жалт-жұлт ойнатып, жолмен зырлап келеді. Соңында шудаланған қою шаң будай шалқып барып, жол езуінде елбендеген бұйырғын мен жусанға, көде мен көкпекке сіңіп, жұкара жоғалып жатыр.

Руль ұстаған көк комбинезонды кісінің жанында шашын шалқасынан қайырған бала жігіт отыр. Жігіттің толықша, ақсары жүзі балғын болғанмен, үлкен кара көзінде бойына шақ емес байсалдылық бар. Осы атраптың несі бір өзі сыяқты, кірпігін баяу қағып, төңірекке маңғаздана, өр қарайды.

Бір кезде рульдегі кісі көзін алға тігіп, елең-елен етті:

— Ал, Тайман, сақ бол!

Дала кезбесі тентек құйын шөп басынан шаң тұрғызып, қай-қайдағы көң-қоқырды, ескі-құсқыны аспандата ұшырып, шүйліге ойнақтап, жол бойына жақындап қалған екен. Тура кезігіп, киліге қалса, бұларды қоса ұшырып әкестердей дөнгелене булығыды, таң атқалы жолаушысын жалықтыра, бір белінен ассаң, екінші белін сұлата тастап, жолын ирелеңдете берген осынау шетсіз, шексіз сардаланың аяқ астынан бұрқырай қалған ашу-ызасындай, ышқына шыйрығып келеді.

— Тез өтіп кетелік!

— Мұңал аға, ол өтіп кетсін, біз баяулалық.

— Қой, алдымызды құйынға кестіріп...

— Онда бұрылып кетелік.

— Ойбай, бұл ит қашсаң қуа жөнеледі.

Тайман сақылдап күліп жіберді.

— Күлкісі жоқ, шын айтам.

Тайман серігіне тандана қарады, рас, шыны сыяқты. Құйынға ерегiскендей құлшына түсіп:

— Токсанға бастым,— деп, газикті арындата, көзін алдынан аудармай, жол бұралаңында рульмен бірге айналып, бұлтың-бұлтың етті. Тығыз, шымыр денелі кара жігіттің дәл осы отырысы адамнан гөрі аңға түсетін құсқа көбірек ұқсайды. Құйын мен жолға кезек жылтылдаған кішкене шегір көзі, ұшы ерніне тие жаздаған ұзынша орақ мұрны Тайманға түлкі көрген қаршығаны елестетті. Күнқағары жапырылған ескі кепкасының астынан тер сорғалап атжақты, ашаң бетін қыйыс сызып барады, оны елеп отырған Мұңал жоқ:

— Қап бәлем, ө... өй, әп! — деп, гулеп келіп қалған құйын тұсынан газигін зырғытып өткізді. Машина емес, өзі ырғып шыққандай масаттанып, артына жалт қарады: — Тфә, тфә!..

Құйын бұлардың ту сыртында жол кесті де, құмнан қостер жаққандай көкке лаулап қала берді.

— Құйында шайтан болады,— деді Мұңал.

— Апыр-ай, осы да шыныңыз ба?

— Е, шын болмағанда...

— Қойыңыз,— деп, Тайман сәл реніш білдірді,— мұныңыз ұят екен.

— Ойбай, шырағым, құйынмен ойнама! Оның шайтаны — шайтан. Жаңа жүрісін көрмедің бе?

— Несі бар?

— Туу, несі ба-а-р...— Мұңал мұның өзіне ренжіді.— Әшейін жел болса солай жүре ме? Адамша ойнақтайды...

Тайман тағы да еріксіз күлді:

— Ә, солай деңіз бәсе, құйын мінезді адамдар болатыны рас.

— Жо-о-к, шайтанша...— дей беріп, Мұңал да одан әрі дәлел таппай, ұстара тимеген жұқалаң ернінің үстіндегі мұрт тәрізді кара қоңыр қою түгің ыдырата езу тартты:

— Қойшы, қоялық енді.

«Қойғаны қойған,— деп ойлады Тайман,— бірақ әлгісі шын болса ыңғайсыз екен. Діні құрғыр адам санасын тозаңдай тұтады-ау...»

Бұлар жонға тақап келе берген.

— Эне,— деді Мұңал алдын негімен нұсқап,— анау көрінген — Дәурен ағай қаққан қазық.

Тайман жон үстінде жолдан жырақ қылтыйған кішкене сырықшаға қарады:

— Ие-е... мынау қазық па еді?

Әлгі әзірде осы бір кішкене сырық сағымға шомылып, кейде аспанды тіреп тұрған ұзын баған тәрізді, су үстіне салынған биік мұнара тәрізді, енді бірде толқынмен алысқан түйелі адамға ұқсап, қырық құбылып, ертегідей ғажап сұлу көрінген. Құба жонның баурайы бұйра толқынды шалқар көл де, төбесі шағын арал сыяқты еді. Енді міне, сағымсыз жон қоңырау беріп, қазығын қылтыйта, сұлқ қалыпты.

— Қазір қазық тұсына сәл кідіретік, мен шапшаң барып, көріп келейін,— деді Мұңал әлденеге көңілдене жымыйып.

Аздап әлгідей жалған наным болмаса, жасы отыздан асқанмен, өзін баладай жеңіл, жыйнақы ұстайтын қағілез жігіт. Тайман бүгін мұнымен бірге жолға шыққаннан бері көбіне сүйсінумен келеді: ашық мінезді, әзілқой, адал адам деп ұғады. Өзінің білмейтін мамандығы аз болса керек, соған риза боп:

— Мұңал аға, осы сіз шофер болмасаңыз да...— дей беріп еді, анау сөзін аяқтатпастан іліп әкетті:

— Неге шөпір емеспін, қолымды көрмеймісің?

— Оның несі бар?

— Шөпір адамның қолы ұзын болады.

Тайман күлді.

— Күлкісі жоқ, шөпірмін. Шөпір болғанда қандай шөпір десейші, төрт жыл соғыста генералдың машинасын айдаған шөпірмін.

— Жоқ, қазіргісін айтам.

— А-а...— деп, Мұңал да ақсыя қалды,— рас, қазір помберелшікпін. Бірақ Дәурен ағайға шөпір алдыртпадым.

— Ол кісі де өзі айдайтын болыпты ғой.

— Е, мен үйреткенмін,— деп, аз үнсіз отырды да, Мұңал өз ойының бір ұшығын білдірді. Тайманды әзілдей қағыта білдірді: — Сендер ғой шөпірге дейін мәдениетті болу керек дейсіңдер. Ал, мен әрбір мәдениетті адам шөпір болуға тиіс дер едім.

Тайман бұл сөзге мән бермей, әшейін:

— Дұрыс,— дей салған.

— Жоқ, дұрыс емес,— деді Мұңал қадалып,— несі дұрыс болсын! Отырысың мынау! Менің генералым да бұлай отырмаған. Мен ауырып қалғанда, машинасын өзі айдап кете беретін.

— Мұңал аға-ау, маған неғыл дейсіз енді?..

— Саған ештеңе демеймін. Әркім өз машинасын өзі айдауы керек дегенім ғой. Осыны біреулер дұрыс айтып жүр. Е, дұрыс болмай... Машина — әркімнің аты емес пе? Атқа мінген адам тізгінін өзі ұстамай ма?

— Дұрыс,— деді Тайман. Бұл жолы шынымен айтты.

Мұңал әлі қоймай отыр:

— Ие, анаугүні тері-терсек конторының бастығы атының делбесін көшірге ұстатып, өзі артында шартыйып отыр. Туу, шорт!.. Машина — машина делік, шөпірлікті үйренуге де ынта керек. Ал, әлгінікі не? Ол кім ол, боржой ма?

Тайманды ойландырған Мұңалдың сөзі емес, өзі болды: бір кісінің басында ескінің көлеңкесі де, жаңаның сәулесі де бар екен.

Машина жонға шыққан соң баяулап барып тоқтай қалып еді, артында шұбаландаған ақ шаңдақ лап беріп көміп, бір сәтке жоқ қып жіберді. Шаң

айыққанда Тайман екі бүйірін таянып, машинаның жанында тұрды. Сұр костюмінің түймесі ағытулы, сол түстес ұзын галстугі желбіреп, омырауынан шығып кеткен. Ол енді тек бақытты адамдарға ғана тән көңілді серпінмен райлана жадырап, жайнап тұр.

Оның алдындағы үлкен ойпатта сағымға шомылып, үстін түтінмен мұнартып, мұнайлы қала жатты.

Қала...

Қара алтынды қала!..

Тынымсыз да мігірсіз қала: түнде де ояу, күндіз де ояу қала! Алып істің, қауырт қыймылдың қаласы!..

Біздің жігітке бұл қаланың әр көшесі таныс, әр адамы ыстық. Ол осы қалада туды, осы қалада өсті. Эне, қаланың шығысында самсап, көкке бойлаған қалың вышка — мұнай вышкалары. Тайман соның арасында қара қошқыл топырағын боратып, жалаң аяқ жүгіріп өтті. Вышканың спираль баспалдағымен талай тымпылдап, төбесіне шығып, төмен қарап, аузын аша танданғаны бар: жердегінің бәрі — адамдар да, жегулі аттар да, жүкті машиналар да — түгел кішірейіп, қуыршақтай құлдырап кетеді екен. Қала да көшелерін тарылта ұйлығып, бұған төрт жағын тегіс көрсетеді. Қаланы қак бөлген тұзды су Орал өзеніндей енді-ақ еді, ол да шағын жылғаға айналыпты. Мұнай айдау заводының үлкен ақ үйі қаланың шет жағында болатын, көкшіл түтінін ұзын трубадан скадтай дөңгеленте атып, ол да мына жерде тұр. Вокзал жақ шеттегі «Мұнайшы» стадионында доп қуғандар да өңшең ергежейлілер тәрізді, тек мұның өзі ғана үлкен. Бала соған масаттанып, сақ-сақ күліп жіберді. Вышка кеудесіндегі бұрғышы алаңында тұрып ап, әр темірді бір ұстап, өз-өзінен дүрілдеп селкілдеп, жерде жүрген әлдекімдерге қолымен ымдап бұйрық етіп, қас пен көздің арасында өзі бұрғышы боп кетуге аз-ақ қалды. Кеше кеште паркке барғанда өзін «кішкентайсың, күндіз көр» деп киноға кіргізбей қойғаны бүгін таңертең көрші үйдің баласымен асыққа таласып, әкесіне жылап келгені ойында жоқ.

— Асықты ақылсыз бала ойнайды, сен одан жақсырақ ойын тап,— деп, Тайманын жұбатып, дүкеннен кішкене ойыншық вышка сатып әперіп,— мұны енді нағыз вышканың өзімен салыстыр,— деп, осында ертіп әкелген де әкесі еді. Содан былай қарай Тайман мектептен бос уақытында ылғый вышкаға келіп жүретін болды...

Бәрі... күні кешегідей; бәрі есінде.

Шіркін, туған жер! Тайманға бұл жердің топырағы да, шаңдағы да ыстық. Мынау көкке мензеген биік вышкалар қазір Тайманға бала кездегідей жұмбақ емес, сырын ұғып келеді, ұққан сайын ыстық тартады. Туған әкесі Дәурен—осы вышкалардың бірінде бұрғышы, отыз жыл істейді, әлі қажыйтын түрі жоқ. Еңбекпен егделенген қажырлы, сом денесі әлі шыйрақ. Қою қара мұртын сыйпап қойып, баладай жайнап, ылғый күліп жүреді. Отыз жылдың ішінде бұл маңда оның вышкасы шықпаған қырқа, оның вышкасы түспеген ояң бар ма екен сірә?.. Рас-өтірігін кім білсін, жаңа Мұңал бір қызық жаңалық айтты: осы қала тұрған ойпат бұрын қырат екен, астынан мұнай алына берген соң төмен түсіп кетіпті-міс (Әй, сірә, өсіріп айтатын болса керек!). Онымен қоймай, соңғы ширек ғасырда дәл осы ара ондаған метр төмендеді деп тағы айтты. Егер мұнысы рас болса, сол ондаған метрдің бір метрін отыз жыл бойында Дәурен бұрғылаған скважиналар төмендетіп жүрмесе неғылсын!..

Оның өз еңбегіне деген ықласы-ақ ғажап!

— Дәурен аға, енді мына нүктені бұрғылайсыз,— дейді геологтар.

Дәурен ағай сол нүктеге жүк машинадан үш адам өрен түсірген сырық қазығын қағады да, қазығы қашып кететіндей, я болмаса жерге сіңіп кететіндей, қашан вышкасын көшіріп әкелгенше жерді дамылсыз қадағалап, караумен жүреді. Оның осы сырын бригадасындағылардың бәрі біледі. Өзінің көмекшісі Мұңал да біледі, әлгінде машинаны тоқтата қойып, жүгіріп кетіп жүргені де сол. Бүгін не ертең биік вышкасын екі жыланбауыр тракторға сүйретіп, Дәурен ағай дәл осы жонның басына көтеріліп келе жататын шығар...

Қаланың көлемі үлкен болғанмен, үйлерінің дені бір этажды жұмысшы корпустары, көп этажды үйлер сирек болатын. Әне бір орта тұстағы үш этажды қызыл үй — мектеп. Онда Тайман он жыл оқыды. Ол үй де сан сырлы шындыққа куә. Мынадай қызық болған: мектепке алғаш түскен жылдарында Тайман дүниеде өзінің мұғалім апайынан мықты адам жоқ деп ойлайтын. Оның байсалды түрі, баяу жүрісі, әдемі майда үні, тіпті ақ жібек кофтасының омырауындағы кара макпал галстугіне дейін тек осы кісінің ғана артықша асыл сыйпатындай көрінетін де, өзі ретін тапса, сол кісіге ұқсап қалуға бейім тұратын. Мойнына тұңғыш рет қызыл галстук таққан күні үйіне дәл әлгі адамдай нығыз басып, маңдайын жарқырата керіп, көзіне ой жыйып келе жатты. Даусы да өзгере қалыпты, баппен сөйлейді. Мамасы мұның жасанды үлкендігін сезіп:

— Қарағым, Тайжан,— деп райлана жымыйды.— Мойнындағы қызыл галстук оп-оңай үлкен бола қалу үшін тағылмаған ғой!..

Тайман бала да болса, өз бойындағы бір ерсілікті осы арада сезінді: беті дуылдап, қызарандай берді.

Мектептің қасында мұнайшылар клубы бар. Тайманның клубтан көрген алғашқы киносы—«Чапаев» еді. Содан соң бұл баланың Чапаев болғысы келді. Кей-кейде әкесінің ашық газигінің үстінде тізерлеп тұрып, қолын ілгері соза: «Алга!»— деп бара жатты. Бірақ амал не, Отан соғысына әкесі кетті де, сұрапылмен өткен төрт жыл бойына Тайман қанша әбігерленгенмен, Чапаев болуға жасын толтыра алмай-ақ қойды.

Қырық бесінші жылы әкесі үйге келгенде, Тайман тоғызыншы класта оқып жүр еді. Әкесінің ылғый күлімдеп тұратын мейірбан жүзін соғыс біраз сұстандырып тастаған екен. Әжімді маңдайына тағы бір сызық қосылып, тереңдей түсіпті. Тайман бір көңілді отырыста:

— Көке, сен рас Чапаев боп кетіпсің...— деп, үй ішін бір күлдіріп алды да,— енді мен кім болсам екен?— деді.

Әкесі күлкімен қысыла түскен қой көзін ұшқындайтып, баласының мойнын мұртымен қытықтай сүйді де:

— Сен бе... сен мен бол,— деді.

Содан бірер жыл өткен соң Тайман әкесі болам деп, оқып кеткен еді. Быйыл университеттегі геология факультетінің үшінші курсы бітіріп, осы өңірге әрі практикаға, әрі каникулға шыққан. Қаладан алыс барлау бригадасында айдан аса болып, практикасын аяқтап келе жатқан беті осы. Енді бір он шақты күн үйде дем алып, университетке қайта аттанбақ.

Анау бір күні Дәурен ағай:

— Жоқ, сен мен емес, менен гөрі білгіштеу геолог боласын екен,— деп салды.

Быйыл практикаға шығып, келгеннен бері барлау



бригадасымен бірге өткізген қырық күні Тайманның «геолог болсам» деген ойын бұрынғыдан бетер бекіте түсті. Көзін ашқаннан бері көргені мұнай вышкасы болғанмен, бұл жердің сырын жөнді білмеген екен. Университеттегі бурыл шаш профессор кафедра мен тақта арасында сенделіп жүріп, қанша қақсағанмен, Тайман жер сырын аз аңғарыпты. Жер сырын көзбен көру де аз, тек қолмен ұстағанда ғана ұғынуға болады екен. Осы жолғы қырық күн жер астының біраз қабатымен қолма-қол таныстырып қайтарды. Тайман ойы бұл қырық күн ішінде жер бетінде қалқыған жоқ, жер астына мыңдаған метр тереңдеп кеткен бұрғымен бірге сүңгіді, скважина түбінен түтік бойлай лықсыған құбылма қоспамен бірге ақты.

О, Отан жері!.. Сырың неткен терең, қазнаң қандай мол сенің!..

Мұңал қайтып кеп, рулін ұстап:

— Тайман, отыр, кеттік,— дегенде, ол ойға шомған қалпы, туған қаласынан көзін ала алмай, әлі күлімдеп тұр еді. Көзі қалада болғанмен қыялы шарлап алысқа, алға кетіп қалыпты.

Жұмыстан қайтып келе жатқан Дәуренге қаладағы комсомол ұйымдастырушысы қарсы жолықты. Дәурен ағай, әдеттегісінше, көңілді екен. Қолында қалың қағазға ораулы ақ байпақ, үстінде маймен баттаса жылтыраған жұмыс киімінен қорғалатып, қайда қоярға білмей келеді.

— Апыр-ай, майлап алар ма екенмін,— деп қояды.

— Дәуке-ау, осы шілдеде мұны қайтейін деп жүрсіз?— деген жас жігітке таңырқай қарады:

— Қалқам-ау, Тайманыма керек қой. Жаңа жолжөнекей киім дүкеніне кіре қалып ем, сатып жатыр екен. Қыста қанатымның аяғы тоңып жүрсе...

Әкенің баласына деген бір мейірімі бетінде тұрды.

— Тайман бүгін келетін шығар?

— Я, бүгін келеді. Мұңал кеше кеткен.

— Солай болар бәсе, анада барлау бригадасына барғанымда солай деп отырған...

Комсомол ұйымдастырушысы Дәуренге бір өтінішін айтты:

— Тайманмен уәдеміз бар еді. Ол біздің жастарға халықаралық жағдайдан лекция оқып бермек болған. Біз ертең кешке клубқа жыйналамыз. Күтеміз. Соны ұмытпай айта салыңызшы!

Бар ойы байпақта тұрған Дәурен:

— Жарайды, айтайын,— деп жөнеле берді де, есіне енді бірдеме жана түскендей, әлгі жігітті тоқтатып алды:— Қарағым-ау, Тайманым шаршап келеді ғой! Кеткенше дем алса кайтесің.— Дәурен мұртын сыйпап, жерге қарап ойланып қалды да, ізінше жауырынын куржите бере қолын бір сілтеді:— Жә, айтайын, айтайын... Ол бәрі бір болмайды, мұндайға жүгіріп кетелі.

Балажан Дәуреннің сырына қанық жас жігіт бита-рап күлді де жүре берді.

Дәурен үйінің есігін ашқанша баласының жайын ойлап келді: «университетте де лекция, мұнда да лекция... Қанатым-ай, жалықпай ма екен сол лекциядан...»

Дәуреннің сауаты хат тануға ғана жетеді. Одан Айжан апай білімді. Айжан бастауыш мектепте мұғалім, Тайманның кішкене інісін өзі оқытты.

Айжан кітапты көп оқиды. Дәурен күнделікті газетті ғана қарайтын. Онда да көбіне:

— Алжыған Шершел не өсек айтар екен,— деп, газеттің төртінші бетін бір сыпырып өтіп, қоя салатын.

Жақсы романның қызығына батқан Айжан күйеуі жатқан кереует жанындағы Тайманның столында түннің бір уағына дейін отырып та қалатын. Сонда Дәурен электр жарығында ұйықтай алмай:

— Кісі соятын доғлыр болсаң да шамды өшірші, жаным,— деп, бір аунап түсетін. Қазір олай емес, Тайман университетке түскеннен бері, оның жылда кушақ-кушақ қып әкеп, шкафқа толтырып кеткен кітаптарының шетінен ара-тұра өзі де оқып, басқаға да оқытып жүр.

Бір күні Мүсреповтың «Қазақ солдатын» оқып отырып, Айжанға:

— Ойбай, мынаң кара, мынау — әлгі өзіміздің Қайырғали, майланда бірге болғанбыз,— деп, балаша қуанып, таңдашып,—япырым-ай аудармай түсірген екен... Және мына тайталастың бәрін қайдан біле берген... апыр-ай, мынаны жазған адам осының бәрін төбемізде тұрып көріп жүр ме, жаным-ау— деп, ризалығын әзілмен айтты.— Батыр болғасын, шаштараз да кітапқа түсіпті. Енді батыр мұнайшыны жазсындағы осы адам...

Тайманнан жылда сұрайды:

— Ембі адамдарын қай жазушы жазып жүр?

* * *

— Айжан, мынаны алшы,— деді Дәурен ауызғы бөлмеге кірген соң. Сол байпақты бір бұрышқа тастай салса да болды, бірақ қайтесіз, Дәурен ағай баласына не жақсылық істесе, соның бәрін мақтаныш көреді.— Тайман әлі келген жоқ па?

Айжан қырықтардан асқан, толық денелі, әдемі ақ өнді адам еді. Семіздіктен ауырлай бастаған денесін жай қозғап, төргі бөлмеден шыққан бетінде күйеуінің қолындағы орауды алып ашты да, бипаздап, паңдана сөйледі:

— Өстіп, құрақ ұшасың да жүресің-ау! Алматыға байпақтың не керегі бар?

Дәурен бұл сөзді елеген жоқ, шешініп, жынып, төргі бөлмеге шықты. Әбден үйреніп алған құлаққа Айжанның жиі айтылатын әлгідей ескертпелері де

вышка түбіндегі кішкене мотордың зыңылы сыяқты бұған тосын әсер туғыза қоймайтын.

Төргі бөлме кең, таза да жарық еді. Оң жақта Тайманның кереуеті, онда кішкене Қоңыр ұйықтап жатыр, оған жалғас жазу столы тұр. Сол жақ қабырғада кітап толы екі шкаф бар. Ол да Тайманның кітаптары. Төргі екі терезенің аралығына ілінген Дәуреннің үлкен суреті есіктен кірген адамға көз алмай қарайды. Бұл — Дәурен ағайдың бір әдемі түскен суреті, өткен жылы Тайман Алматыдан үлкейттіріп әкеп, сырлы рамаға салып, іліп қойған. Сұлу қара мұртының шалғысы езуін жасырыпқырап, қой көзін кен ашып, маңдайын жарқыратып, жайнап түсіпті. Өткен жылы Тайман суретті осы араға іліп жатқанда, бала мінезді, ақ көңіл әкесі кәдімгідей ыңғайсызданып, қысылып қалған:

— Қанатым-ау, Ленин емес, Сталин емес, бұл жаман бұрғышының суретін төрге іліп қайтесің?

Тайман:

— Көке, көсем портреттері үйде емес, кеңседе тұрап болар,— деп, Дәуренге қарағанда, әкесі мұртын сыйпап, қызараңдай жымыйып тұр екен:

— Жаман неменің мұртын қыйылтып, кісімси қалғанын қарашы!

Дәурен көз қыйығын сол суретіне қазір де бір қалап өтіп стол үстінен «Мұнайшы» газетінің бүгінгі санын ала беріп еді, сол жерге тұрған телефон иесінің келуін күткендей, шылдыр-шылдыр ете қалды. Дәурен бөлменің төрт бұрышына түгел жетіп, жерге төселген түкті кілемді носкишен басып тұрып, трубканы алды. Алды да аз тындап, аптыға сөйледі:

— Қазір барайын. Жоқ, өзім барайын...

Білгі өзі барады. Өзі бармаса іс бітпестей көреді. Дәурен ағайдың артықшылығы да, кемшілігі де осы мінезінде.

Трубканы сала тастап, ауызғы бөлмеге шықты. Айжан түскі тамақты дайындап, стол жасап қойған екен. Дәурен үстін қайтадан қонырайтып, жұмыс киімін кие бастады. Сенектен самауыр алып енген Айжан кілт тоқтап қалды:

— Тағы қайда асықтың?

Дәурен босағалағы аласа орындыққа отырып, резинка етігін қонышынан тартып киіп жатқан:

— Ой, әлгі... шықпаны жана орынға көшіну керек еді, екі трактор жылжыта алмай жатқан көрінеді. Астындағы бөренелер дұрыс салынбаған болса керек.

— Ең болмаса бір стакан шай ішіп кетсейші.

— Ойбай, Айжан, бөгеме, жаным... Вышка құлап түсіп жүрсе...

Басына бұлт ораған биік вышка құлап бара жатса, дәл бір қолымен тіреп қалатын тәрізді, үйден сүріне-қабына, асығыс шықты.

Дәурен сыртқа шыққанда, қақпа аузына машина тоқтап, Тайман түсіп жатыр екен. Қауырлақ әке көзінен жас шыққанша қуанып, баласына жүгірді. Өзіне қарсы ұмтылған Тайманды кеудесінен алақанымен тоқтатып:

— Қанатым, қанатым... үстінді бүлдіресің! Кәне, бетінді әкел,— делі де, оның мойнынан иіскеп, бетінен қайта-қайта сүйсі.— Үйге бар, дем ал! Сыртқа шықпа, күн тиеді... Мен қазір келем.

Артына, баласына қайта-қайта қарап, емпендей аяндап кетіп барады, көзінен жан тебірентер жүрек елжіретер мейірім, әкелік мейірім оты жылтырайды.

Әлгі бір сүйіс Тайман қанша маңғазланғанмен, сәби бала қып кеткен еді. Ұзай берген әкесінің сонынан ботинкасын шешіп тастап, жүгіре жөнелгісі келді.

(Жалғасы бар).



ҚАЛТАЙ

Әңгіме

Машқар Гумеров.



Жасырынбақ ойнаған балалар үйді-үйлеріне тарай бастады. Қалтай қол бұлғап, шеткерірек тұрған, бойы өзінен едәуір қалжыңқы, ұзын сыйрақты баланы қасына шақырып алды.

— Мұса, болсаңшы! Жүр, кеттік! — деді ол қыяңқы қара көздерін бір сәтке сығырайта қадап.

Мұса Қалтайдың жалпақ бетті қараторы жүзіне бұрыла беріп бір қарағаны болмаса, үн қатқан жоқ. Екеуі көшедегі қара жолды жиектей, ілгері беттеді.

— Тап үйге қайтатын кезде қақшыйып тұрып алатының қалай? — деді Қалтай сұсты пішінмен қабағын шытып.

— Әншейін тұрып қалыппын...

— Біреуді күттіріп қойып, әншейін-әншейін дейтінің бар екен...

Мұса бұл сөзді көңіліне ауыр алды. Ол жүрісін сәл бәсеңдетті де, кеудесін шалқақ ұстап, екі қолын қатты сермеп келе жатқан Қалтайға жалтақтап, мезгіл-мезгіл қарай берді. Екеуінде де үн жоқ. Әлден соң Мұса шым-шытырық ойға кетті. Ойлап тұрса, Қалтайдың бұған істейтіні үнемі осы. Әрдайым әмір ете, бұйыра сөйлейді. Біреуге өктемдік жүргізуге құмар-ақ. Содан болар, оның Мұсадан басқа досы да жоқ. Өзге балалар аз уақыт бірге жүргені болмаса, оған онша көп тұрақтамайды. Өйткені, мінезін жақтырмайды. Ал, Мұса ше? Мұса Қалтаймен көптен бері дос. Екеуінің үйлері көрші тұрады. Соған орай екеуі кішкентайынан бірге ойнап-күліп өсті. Әлі де солай. Ренжісіп қалса да, тез татуласады. Рас, Қалтайдың өктемдік жүргізуі Мұсаға да ұнамайды. Бірақ ол бұған әбден көндігіп кеткен сыяқты.

Түнеугүні қызық болды. Балалар екеуінің күресуін өтінді. Мұса досымен сайысқа түсуден іменіп, біраз тартынса да, тез көнді. Ал, Қалтай әлдебір сылтауларды айтып, тайтала-

сып, күресуден біржола бас тартты. Еріккен балалар қойсын ба, екеуін еріксіз әкеп беттестірді. Екі дос шап беріп ұстаса кетті. Мұса «әуп» деп Қалтайды жерден тік көтеріп алды да, аяқтан шалды. Қалтай жерге топ ете түсті. Айнала азан-қазан, у-шу болды да қалды. Балалар нешетүрлі мақтау айтып, тұс-тұстан кимелеп, Мұсаны шеткері таман көтеріп әкетті. Ал, ызалана ұшып тұрып, үстіндегі шаңды қаға бастаған Қалтайға ешкім назар аудармады. Сонда да ол үйіне жалғыз кетіп қалған жоқ. Ойын аяқталған соң, әдеттегісіндей бұйыра сөйлеп, Мұсаны өзіне ілестіріп алып кетті. Мұндай оқыйғалар көп-ақ. Әйтсе де Қалтайдың істейтіні осы. Ойлап тұрса, біреуге кіріптар болу кейде күштілікке де, батылдыққа да қарамайды екен. Шынында, Қалтай жолдастары алдында болмаса, өзге жерде батыл емес. Сонда да Мұсаға Қалтайдың айтқанынан бас тарту аса қыйын сыяқты болып көрінеді.

Осы келе жатқанында да досының түсі суық, сығырайған қыяңқы көздерінде кекесінді күлкі ізі бар, тәмпиш мұрнын да тыжыра қойыпты.

Олар аз уақыттан кейін солға қарай бұрылып, көлденең көшелердің біріне түсті. Көшенің екі жағына ағаштар тек өткен жылы ғана отырғызылған болатын. Әйтсе де, олар бой тартып, едәуір өсіп қалыпты. Жасыл жапырақтары қыймылсыз, сыбдырсыз. Далада шөп басын қыбырлатар жел жоқ. Мұса осы көріністерге назар аударып қаннен-қаперсіз келе жатыр еді.

— Өй, тоқта! Кейін қарай жүр! — деген Қалтайдың даусы саңқ етті. — Ананы қара! Алдымыздағы әтешті көресің бе, әлгі жынды әтештің тап өзі...

Қалтай кейін қарай шегіне бастады. Мұса мән-жайды бірден түсінді. Ол — Бәтима үйінің тұсында, көшедегі жолдың үстінде, төртбес тауықпен бірге шаңға аунап жатқан ұл-

кен қара әтешті көрді. Өздеріне жап-жақын. Бұл — кәдімгі бүкіл ауыл адамы білетін Бәтима үйінің әтеші. Бір жаманы, ол уақ балаларға сондай өш, тура олардың қыр соңынан жүгіреді, реті келсе тұмсығын салып жіберуден де тайынбайды. Одан жәбір көрген балалар көп-ақ. Сондықтан оған ауыл балалары «жынды әтеш» деп ат қойып алған-ды.

— Ия, ия! деп, Мұса да кейін қарай ойысты.

Әтеш кенет орнынан тұрып дүр сілкінді. Сонан соң қанаттарын қаға желпініп алды да, мойнын күжірейте созып, басын екі жағына кезек қыйсайтып, Мұсалар жаққа көз тікті. Тіпті өзінің түрінен адам шошырлық. Мұндай қыяңқы әтешті кім көрген. Ала алмай жүрген кегі бардай, балаларға тиісетіні несі екен.

Екі бала біраз жер шегініп барып тоқтады.

— Қап! Мына көшемен бекер жүрген екен, біз. Енді не істейміз? — деді Қалтай дағдарып.

— Өзің біл, маған бәрібір, дегенмен әтешке бола кейін қарай жүрмей-ақ қояйық.

— Тыңда! Егер жылдам жүгіріп өте шықсақ, әтеш бізге не қылады? Ал, кеттік!

Екеуі бар пәрменімен жүгірсе жөнелді. Мұса салған жерден озып кетті. Ол қатарласа бергенде, тауықтар үркіп тымтырақай қаша бастады. Ал, әтеш міз баққан жоқ. Мойнын дүрдите созып, айбат шеккендей тұрды да қойды.

Мұса әтештің тұсынан зымырап өте шықты. Әтеш оған тесіле бір қарап, кейін қала берді. Ал, Қалтай жөнді жүгіре алмады. Желбегей жіберген пенжәгінің етегі желпілдеп, қолын сермеген сайын ішіне соғады. Басындағы кепкасы желкесіне қарай сырылып кетті. Ойда жоқта Қалтай сүрініп кетіп кенет жерге етбетінен ұшып түсті. Қалтайдың қатты қорыққаны сондай, ол көшені басына көтере айғайлап жіберді. Әрірек барып тоқтаған Мұса шек-сілесі қатып күлді. Тіпті өзінің қатты үрейленіп, жаңа әтештің тұсынан зыр жүгіріп өте

шыққанын да бір жола ұмытты. Өйткені, әншейінде батырсынып жүретін досының қазіргі мына жатысы оған аса қызық сыяқты болып көрінді. Мұсаға кенет бір батылдық пайда болды. Ол дереу досына қарай жүгірді. Бірақ, ол келіп үлгіргенше, аула ішінде жүрген Бәтима да шырылдаған баланың даусын естіп, көшеге жүгіріп шыққан еді.

— Осы әтеші құрғырдан көресімді көріп болдым ғой! Күшт, күшт былай! — деп бастырмалата сөйлеп, әтешті тауықтармен қоса ауланың ішіне қуып тықты.

Жерге сан рет аунап тұрған Қалтай үстінің шаңын қаға бастады. Төмен қараған күйі көзінің жасын көрсетпей сүртіп-сүртіп алады.

— Қалтай, немене, еш жерің ауырған жоқ па? — деді Мұса күлімсіреп.

— Сөзді қой! Жүр, кеттік!

Екеуі үн-түнсіз үйлеріне қарай беттеді.

* * *

Үйге көңілсіз оралған Қалтай тамағын ішкен соң аулаға шықты. Дуал түбінде тауықтар жайылып жүр. Өз үйінің көк әтеші де сонда. Олар иелерін көріп, Қалтайға қарай жанталаса жүгірді. Жем береді екен деп үйден шыққан адамды әрқашан осылай қоршап алады. Тіпті, өздері аула ішінде жүргенде батыл-ақ. Қалтай тауықтарға қабағын түйіп, жақтырмай қарады. Ал, көк әтешке ызасы келді. Өйткені оның бойынан бағанағы «жынды» әтешке әлдебір ұқсастық тапты. Осыған қарамастан өзінің алққа оралуын! Ол кенет көк әтешті теуіп кеп қалды. Әтеш қыйқу сала ыршып түсті де, жайына кетті.

Қалтай Мұсаға осы жерге келуді тапсырған. Ол соны күтті. Тек өзіне аян шұғыл шаруа бар. Бағанағы әтештің ызасы есінен кетер емес. Досының көзінше қолайсыз оқыйға тап болғанына қатты өкінді. Іздеп жүріп ауланың ішінен екі үлкен таяқ тауып алды.

Кешікпей Мұса да келді.

— Мә, мына таяқтың біреуін сен ал!

ӘТЕШ ПЕН АЙНА

Қарағанмен айнаға,
Бітпес көрік жаңадан!
Бірақ киген киімді
Теріс емес қараған.
Ал, әтешке не дерсің,
Айнаға о да қарайды,
Әлде өзге тауықтан,
Өзін кербез санайды.
Көп тұрмайды бөгеліп,
Сымбатына сенеді,
Айна алдына шашылған,
Бидайларды тереді.
Енді қайта қараса,
Айнада әтеш тағы тұр.
«Біздің бидай жегені,
Дұшпаным ғой мынау бір» —
Деп қанатпен айнаны
Қайта-қайта сабады.
Ұрыс десе әтештер
Естерінен танады.
Теріп болып бидайды,
Үйіріне барады.
Қыйқу салып, сақтанып,
Түгел жыйнап алады.
Бірақ төнген хауіп жоқ,
Бәрі де бос, бәрі жай.
Біздің әтеш секілді
Төбелесшіл Сәлімбай.
Көлеңкесі болмаса,
Оған ешкім тимейді,
Көлеңкемді бастың деп,
Досын кейде тілдейді.

Қ. БОРАНБАЕВ.

Қарағанды.



— Таяқты қайтем?

Қалтай сұсты пішінмен таяқтың біреуін Мұсаға ұсынды. Мұса тайталасуға именіп, таяққа амалсыз қол созды. Олар көшені бойлап күншығысқа қарай жүрді.

— Мұса, біз «жынды» әтештен кек алғалы бара жатырмыз. Білдің бе?

— Қой! Біреудің әтешіне таяқ жұмсағанымыз ұят болар.

— Не қылаған ұят... Ондай әтештің тура көзін құрту керек.

Кешікпей олар Бәтима үйінің тұсына келді. Екеуі дуалды жағалап, аулаға кіретін қақпаға қарай беттеді. Қалтайдың пішіні — үрейлі. Қолы болмашы қалтырап, Мұсаға қарай жақындай береді. Міне, олар қақпаға да таянып қалды. Нақ осы кезде әлденеден үріккен бір тауық барқырап, көшеге шыға келді. Қалтай селк ете түсті. Жүрегі жиі-жиі соғып, денесі шымырлап кетті. Ол әтеш екен деп қалып, таяғын құлаштай сермеп тауыққа қарай лақтырды. Тауық дуал бойындағы қалың құрайдың ішіне кіріп жоқ болды. Мұса досының аңғалдығына күліп жібере жаздады.

Аулаға кіретін қақпа ашық тұр. Қалтай мойнын созып, әрлі-берлі қарап, «жынды» әтешті көре алмады. Аула ішінде басқа бір ақ әтеш жүр. Кенет Қалтайдың бойына әлдебір күш біткендей болды. Ол батылданып кетті.

— Мұса, жүр ауланың ішіне кірейік. Әтешті тауып алу керек қой...

Осы сәт қораның ішінен шыққан Бәтима қақпаға қарай беттеді.

— Қақпаны ашып кететіндері несі екен! Алақандарына жара шыққан ба, немене...— деп бұрқылдап сөйлеп келеді...— Әй, сендерге не керек? Біреудің ауласына неге сығалай-

сыңдар? О-о, таяқтарын қара. Айтыңдаршы, не керек өздеріңе?

Бәтима колхоздың құс фермасында жұмыс істейтін-ді. Ол — өз ісіне ұқыпты қарайтын адам. Оны колхозшылардың бәрі ұнатады. Бір қызығы, Бәтима әрқашан шамадан тыс дауыстап сөйлейді. Даусы алысқа естіледі. Сондықтан оны біреумен ұрсысып тұр екен деп ойлап қалуы да мүмкін.

Қалтай төмен қарады. Таяғымен жерді шұқылап, көзін жыпылықтата береді. Жалпақ беті түтігіп, мұрнын қайта-қайта тартады. Түрі тым аянышты. Мұса оны қатты мүсіркеді.

— Апай, сіздің үйдің «жынды» әтеші ма-на Қалтайды жаман қылды... Сонсын біз оны, әрине...— деді Мұса күмілжи сөйлеп.

— Е-е-е... Ие... ие... жаңа есіме түсті,— деді Бәтима күлімсіреп.— Сендерден әтешті ая-



май-ақ қояр едім, әттең кешіктіңдер. Бізасы өткені сондай, әтешті сойып тастауға тура келді.

Бәтима қақпаны тарс жапты да, үйіне кіріп кетті.

— Қап! Әтештен айрылып қалғанымызды қарашы. Бұған сен кінәлісің! Біздің үйге неге ертерек келмедің? — деді Қалтай реніш білдіріп.

Ал, Мұса ренжіген жоқ. Өйткені Қалтайдың жайы белгілі ғой. Бәрін кісіден көреді. Бірақ өзінің қорқақтығы ойына кіріп те шықпайды. Мұса таяғын лақтырып тастады. Оған енді Қалтайдың айтқанын істей беру орынсыз сыяқты болып көрінді.

— Біреуге әмір етуге сондай құмарсың, ал өзің әтештен де қорқасың,— деді де бұрылып алып үйіне тартты.

Қалтай ойланyp аз тұрды да, үн-түнсіз Мұсаның соңынан ерді.

Ғажайып от

РЕНІШ

Қала мектептерінен келген пионерлер лагерьге жыйнала бастаған-ды. Әйтсе де әлі келіп жатқандар да бар. Кейбір пионерлер ескі таныстарын кездестіріп, қуанысып қалды. Бір қалада оқыса да, бұлар бұрын бір-бірімен жолықпаған сыяқты. Сондықтан былтырғы осы лагерьде өткізген қызықты күндерді қуаныса еске алады олар.

— Солай, достым. Міне, тағы да кездестік, мен сені быйыл келеді деп ойламаған едім.

— Сен ше?!

— Мен де!

— Міне, қызық! Ойламаған жерден шыққанын көрдің бе?!

Осындай әңгіме, ортақ жайлар бүгін өткен жылғы бірге болған достар Валентин Тружков пен Павлик Егожкиннің арасында да болды. Павлик лагерь ұйымдасқанның ертеңіне келді де, Валентин одан үш күннен соң келген еді.

— Бірге болғанымыз жақсы болды... Мұнда қандай жаңалықтар бар? — деді Валентин досына күле қарап.

— Оңып тұрған ешнәрсе жоқ, — деп Павлик күлк ете қалды да, біреу естіп қойды ма дегендей жан-жағына алақтай қарады. Досының мына жауабы Валентинді қанағаттандырмады білем, ол:

— Түсінбедім, — деді.

— Жүр онда, әне жерге барып әңгімелесейік.

Павлик Валентинді лагерьдің шығыс жағындағы терең сайды қуалай өскен қалың алма ағашының көлеңкесіне бастап әкелді. Жайласқан соң екеуі бір аз үнсіз отырып қалды. Үнсіз отыру ынғайсыз болды ма, әлде жаңағы әңгімені жалғастырғысы келді ме, Павлик бірден сөйлеп кетті.

— Сен қызықсың, түсінбейтін несі бар. Мұнда тіпті көңілсіз, былтырғыдай емес, — деді көкшіл көздерін Алатаудың ақ бас шыңдарына қадап.

— Лагерь өмірінің көңілді, көңілсіз болуы өзімізге байланысты ғой.

— Бізге қалай байланысты болады? Не жөнді спорт алаңы жоқ, не отырып кітап оқыйтын, шахмат, дойбы ойнайтын беседкалар жоқ...



Лагерьде гүл өсіруші пионерлер.
Суреттерді түсірген П.Редько

— Павлик, лагерь курорт емес, соны түсін, — деп Валентин сөзін бөліп жіберді.

— Сонда не істеуіміз керек?

— Сол сен айтқан спорт алаңын, беседкаларды, аллеяларды өзіміз жасаймыз. Білдің бе?

— Егер күнде осылай көңілсіз болса, бәрі бір, мен кетіп қаламын, — деді Павлик теріс айналып.

Расында, лагерьдегі алғашқы күндер пионерлерді бірден қызықтыра алмады. Мұнда әлі де болса, көп нәрселер жетіспейтін еді.

Жалғыз ғана спорт алаңын кейбір «әуестенушілер» босатпайтын-ды. Ал, пионер бөлмесіндегі шахмат, дойбы, доминолар лагерьдегі 240 пионердің бәріне бірдей жетіспеді. Сондықтан болу керек, Павлик сыяқтыларға лагерь өмірі алғашқыда өте көңілсіз болғаны да рас еді.

ВЕРИГИНА ТАУЫ

Кіші Алматы өзенін жоғары бойлап жорыққа шыққан III-отряд пионерлері түске жақын қайтып оралған еді. Сол жолдан олар олжалы қайтты. Тау беткейінің күнгей жағынан Саша Панин үлкен тасбақа ұстап алды. Оны отряд мүшелері лагерьдегі ұйымдастырылған тірі жәндіктер мүйісіне әкеп тапсырған-ды. Міне, бүгін сол тасбақаға және үй қояндарына жаңадан жәшік жасап жатқан пионерлерге асығыс жүгіріп Алик Хайдаров келді.

— Балалар, жүріңдер, Вася ағай келді. Қолында хаты бар. Хат бізге келіпті,— деді де қайтадан жүгіре жөнелді.

Вася ағайды қоршаған пионерлер шулай түсіп хаттың кімнен келгендігін сұрасты.

— Хаттың кімнен келгендігін айтпаймын. Дәстүр бойынша хатты алу үшін сендер маған өлең айтып, би билеулерің керек.

Люда Писеева мен Жанна Ли қосылып бірнеше ән айтты. Лагерьдегі ең кішкентай бала Батыр Жалқышев пен Вадим Гарин матрос биін биледі.

Лагерьдегілердің өнеріне қатты сүйсінген Вася ағай:

— Жарайсыңдар, балалар, жарайсыңдар, өнерлерің тамаша екен. Енді бермесем болмас,— деді де хатты ұсынды.

Міне, қызық хаттың сыртына «Әуе жол қатынасы қызметкерлері балаларының лагерьіндегі пионерлерге! Веригина тауынан» деп жазылыпты. Пионерлер конвертті ашып, хатты оқыды. Мазмұны төмендегіше екен: «Қымбатты пионерлер, бүгіннен бастап, бұдан былай күн сайын кешкі тамақ соңынан сағат 8,30 бен 9,30 арасында назарларың менде болсын. Веригина тауы».

Жұмбақ хаттың сыры пионерлерді қатты ойға қалдырды. Шешуін іздестіріп еді, таба алмады; сөйтіп күннің батып уақыттың тез болуын асыға күтті.

Кешкі тамақтан соң пионерлер алаңға бірі қалмай жыйналды. Назарлары тау жақта. Көп уақыт өтпей-ақ бір кезде лагерьдің шығыс жағындағы таудан болымсыз от жылт ете қалды.

— Эне-эне,— десті пионерлер, сол-ақ екен, таудың ұшарбасынан бір сөніп, бір жанған от лагерьдегілерге анық көрінді. Бірақ, бұл ғажайып оттың сырын ешкім шеше алмады. Пионерлердің әрқайсысы әртүрлі топшылады. Біреулер табиғат құбылысы десе, біреулер әдейі жаққан от десті. Ертеңіне от тағы қайталанды.

— Міне, ғажап от!..

ОТТЫҢ СЫРЫ

Веригина тауынан келген хат туралы лақап соңғы бір күннің ішінде бүкіл лагерь пионерлеріне түгелдей жайылған еді.

Тіпті кейбір пионерлер аға вожатыйға, лагерьдегі спорт ісін басқаратын СССР спорт мастері Ораз Қаңлыбаевқа от шыққан жерге барып қайтсақ деген тілек білдірді.

— Онда барып қайтатын дәнеңесі жоқ. Осы жерде тұрып-ақ оттың сырын білуге болады... Ол үшін, бір ғана жол — морзе әліппесін үйрену керек. — деп лагерь бастығы Антонида Ефимовна Панина сөзге араласты.

Сол күннің ертеңіне-ақ пионерлердің тілегімен морзе әліппесін үйрететін үйірме ұйымдастырылды. Лагерьдегі ұйымдастырылған үйірме тек қана бұл емес еді. Пионерлердің өз тілектері бойынша, мұнда жас натуралистер, шебер қолдар, жас биологтар, географтар, ағаш шеберлері үйірмелері ұйымдасқанды. Оған пионерлердің көпшілігі мүше болды.

Лагерьде суға жүзуден жарыстарын өткізу үшін, су бассейні жасалды.

Міне, сөйтіп, лагерь өмірін жандандыру мақсатымен бүкіл пионерлер жаппай іске кірісіп кетті. Лагерь өмірінің алуан қызықтары енді молая түсіп, жандана бастады. Пионерлер тілеген әр үйірме жеке құрылды.



Морзе әліппесімен сөйлесу.

Олардың жұмысын жақсарту үшін әрқайсысына жеке палаткалар тігілді. Онда пионерлер қызықты істермен шұғылданды.

Үйірме жұмыстарының қызықты өтуіне үйірме жетекшілері қатты көңіл бөліп отырды. Әсіресе, морзе әліппесін үйрену ісі пионерлерді қатты қызықтырды.

— Мектепте морзе әліппесін үйрететін үйірме ашылғанда соның маған қажеті жоқ шығар деп бармап едім. Міне, көрдің бе, соның енді кездесіп отырғанын. Егер сонда сабаққа қатынасып үйренсем, ғажайып оттың сырын қыйналмай-ақ шешкен болар едім ғой,— деді Толя Бондарев үйірме сабағына жыйналған достарына.

— Оқасы жоқ, әлі де кеш емес. Сабақты мұқият тындайық. Сонда оттың сырын тез шешеміз,— деді қой көзді қара торы бала Саша Панин.

Алғашқы күні жетекші сабақтың мақсатымен пионерлерді таныстырып өтті.

— Морзені білудің бірнеше жолдары бар. Ол үшін алдымен біз әліппесінен бастауымыз керек,— деді жетекші. Бұдан кейін ол морзе әліппесінің қандай жағдайда пайдаланылатынын баяндады. Морзе әліппесін жарық арқылы, электр тогі арқылы, жалау арқылы берілетінімен де жетекші таныстырып өтті.


— Енді біз қашан Веригина тауымен сөйлесе аламыз? — деді Саша Панин жетекшіге қарап.

— Асығуға болмайды, Саша. Таумен сөйлесу үшін әліппені жете білмей болмайды.

Жетекші осылай дегенде, Саша әлденеге хауіптенгендей:

— Тезірек үйренбесек болмайды ғой. Біз осылай әуреленіп жүргенде, мүмкін, ол басқа жаққа кетіп қалар,— деді аузын бұртыптып. Жолдастары Сашаның сөзіне ду күлді.

Сол күнгі үйірме сабағы көңілді өтті. Үйір-



Жаңбыр өлшегіш аспап.

ме мүшелерінің үмітін алға жұмбақ оттың сыры талпындыра берді.

...Лагерь үстінде қараңғылық қоюлана бастаған кезде күндегі әдеттерінше пионерлер алаңға тағы да жыйналды. Белгілі мерзім жақындап қалды. Сол кезде ғажайып от та атой салып жарқырай бастады. Бірақ лагерь тұсынан қыйғаштау еді. Мұны көргенде Саша:

— Әне, айттым ғой, басқа жаққа кете бастапты,— деп қалды.

Сол уақытта Сашаның жанында тұрған Надежда Павловна:

— Балалар, тындаңдар! Веригина тауы сөйлейді.— деді.

Пионерлер тып-тыныш болып тындай қалды.

— «Саламатсыңдар ма, құрметті пионерлер, бүгін сендердің асханаларында тазалық сақталмады. Бұған айыпты кім? Анықтандар. **Веригина тауы**»,— деді ғажайып оттан берілген белгіні дауыстап оқыған аға вожатый. Алғашқыда пионерлер ойнап әдейі айтып тұрған шығар деп вожатыйға қарап еді, оның жүзінен ешқандай қалжынышаны білінбеді.

— Дәл тапты. Бүгін асханада тазалық болмағаны рас,— деді асхана бойынша бас кезекші болған Ира Дарникова. «Міне қызық, лагерьдегі жағдайды ол от қалай білді?! — десті пионерлер. Жоқ, қалай да морзе әліппесін тез арада үйреніп шығуымыз керек екен. Сонда Веригина тауымен оңай сөйлесе алар едік.»

Расында, пионерлерге жұмбақ болған ғажайып оттың сыры қызық еді. Физкультура, спорт ісін басқаратын спорт мастері Ораз Қанлыбаев пионерлерге көрінбей тауға шығып, қол фонарының қызыл, ақ сәулесімен морзе әліппесін «жазып» сөйлесті.

Ақыры, көп кешікпей лагерьдегілер бұл ғажайып оттың сырын да түсініп алды. Олар қазір Веригина тауымен еркін сөйлесе алады.

Кеше олар Веригина тауынан мынадай хабар алды:

«Бірінші отряд пионерлері лагерьдегі кіші топтағы пионерлерге арнап жаңа спорт алаңын жасады. Бұл игі бастама. Ол үшін отряд пионерлеріне рахмет! **Веригина тауы**»

Бұл хабарға лагерь пионерлері қатты қуанды.

А. ҚАЗЫБАЕВ.

Әуе жол қатынасы қызметкерлері балаларының пионер лагерьі.

ХАЛЫҚ ЖЕҢЕДІ

I

Күн отша ысып,
Күйдірді маңды.
Теректің шып-шып
Шайыры тамды.

Аспанда нүкте
Қалқыйды қыран
Бұтамен тіке
Бойлайды жылан...

Қарны ашқан үндіс
Келеді жолда.
Өнбейді жүріс,
Ілбиді зорға.

Бітер күн бар ма
Бұл мүшкіл күйге?!—
Бір қуырым арпа,
Күріш жоқ үйде.

Ашықты Әли,
Аш бүкіл аймақ
Әкімге барып,
Алақан жаймақ.

Кемпірі кәрі,
Немере жасаң ...
Қайтпексің, Әли?
Бассаңшы шапшаң...

Бұрылыс ... авто
Кенет зу етті.
Қапыда қартты
Қақты да кетті.



Мүлгиді маңай
Машина жүрдек.
Тіл, көзден жүрдай
Теректер тұр тек.

Заулайды авто.
Янкилер онда.
Қансырап жатты
Қарт үндіс жолда.

Тұра алмас енді
Көрер ед тұрса:
Автода белгі:
«Made in USA»¹

II

Туркия ... Селен.
Алаңда халық.
Сардардан келген
Оқылды жарлық:

„Мұхиттан арғы
Генерал келді.
Көп көмек алдық,
Көркейдік енді.



Сондықтан елден
Береміз төрді.
Көшсін де селен
Босатсын жерді.

Мерзімі үш күн,
Әрісі—жұма.
Аэродром үлкен
Орнамақ мұнда“.

... Қоралар құлап,
Маңырады ешкі.
Бес жүз үй шұбап,
Бытырай көшті.

Жылады Садық,
Егіні өлді.
Таптаған қор ғып,
Танкіні көрді.

Лашыққа ескі,
Сыйырын сатты.
Ұрланды ешкі,
Борышқа батты.

Сардарға барды,
Сарнап-ақ айтты.
Өтпеді зары,
Құр қалта қайтты.

Көшеде даң-дұн.
— Сүт!
— Яки қалаш ...
Жүгірді Садық
Кешеден қарны аш.

Дәу“ студебеккер“,
Үсті көп жәшік.
Американ Джек тұр,
Шетінен ашып

Тізімге тұртті,
— Кімсің?—деп сұрап
Қалаш та, сүт те
Бермеді бірақ.

Шайнайтын резен—
Кәдімгі сағыз
Ол тиеп келген
Осы еді жалғыз

Татты да Садық
Лақтырды дереу.
—Тьфу,—деп налып
Түкірді біреу.

Көйбіреу көнді.
Сағыз ас болса,
Бетінде белгі,
«Made in USA»

III

Теңіз жәй жатты.
Әдемі-ақ күн де ...
Сапар да сөтті
Болсайшы күнде!

Үйіңді сонсоң
Қуантсаң барып! ..
Жас жігіт жапон
Аулады балық.

Кенет гүрс етті
Алыста бомба.
Теңіздің беті
Тозаңға толды.

Таянды, құрбым,
Ау тартар көзің.
Балығың тірі,
Өлісің өзің.

Қалқыйды қайық,
Қалқыйды шетке.
Қарт шешең налып,
Батады-ау дертке.

Ажалдың қолын
Арманда көрмей.
Қайғырды сорлы
Көз жасы көлдей.

Естіді, білді.
— Лагнат,— деді.
Күңіретіп елді
Қабірге келді.

Миллион достар
Бастарын иді.

— Ұмытпаңдар
Осы бір үйді.

Атомның қыршын
Құрбанын! — деді.
—Жүректе жүрсін
Ызалы кегі!

... Сол үйді әлем
Түгелдей білді.
Балықшы өлген
Ұмытпас күнді.

Қыратын елді
Қарулар туса,
Шетінде белгі
«Made in USA»

IV

«Made in USA»
Жиркеніш белгі.
Бір құзғын құсша
Кезеді әр елді.



АҚШ-та АҚ үй
Ордасы оның
Жалдаптар ылғый
Жонады оғын.—

Лондонда Черчилль,
Парижде Форы,
Сызғаны өңшең
Соғыстың жолы.

—Жоқ!— дедік біздер,
Жойылсын соғыс! —
Қыйыр шет елдер
Үн қосты тегіс.

Ұраны жаппай —
Әділет ісі.
Сапта тұр Қытай
Сарқылмас күші.

Оянар үндіс,
Төбіренер түрік,
Халықтар—зор күш
Салдырмас бүлік.

Құрайды барлық
Атомшыл тобыр,
Жеңеді халық!
Жеңеді өмір!

Б. Аманшин.

¹) Америкада жасалынған деген сөз.

Әңгіме әнші бала туралы

Суреттерін салған А. Воеводин.

Жетінші «Б» класының қабырға газетінде «Мақтаншақ» деген мақала басылды. Мақаланы жазған— осы кластың оқушысы Мұратбек. Ол мұнда бірінші кластан бірге оқыған Садық деген досын сынапты.

Әлгі екі оқушының егіз қозыдай тату-тәтті достығын көптен бері көре алмай, олардың тым егелігін қызғаныш еткендей күндеп жүретін Балташ деген оқушы үлкен үзілістің кезінде кластан жүгіріп шыққан бойы қабырға газетінің нақ алдына тұра қалды да, барлық өнерін салып, мақаланы мәнерлеп оқый бастады. Ол мақаланың әрбір сөзін даралап, дауыс екпінімен, саз, ырғағымен оқып тұр.

«МАҚТАНШАҚ»

Өткен жазда пионер лагеріне бардық. Сонда біздің кластың оқушысы Садық Жаппаровтың кісі күлерлік мақтаншақтығының куәсі болдым.

Оқыйға пионер лагерінің қасындағы колхоз клубында болды. Біз оған ойын көрсете бардық.

Өнер көрсетуге барған пионерлер көп еді. Олардың ішінде такпақ айтушы, домбыра тартушы, би билеуші, ән салушылар болатын. Олардың бәрі өздерін колхозшылар алдында кішіпейіл ұстады. Ал, Садық ән салды. Оның ән салған кездегі түрін көрсені! Ол көзін жұмыңқырап, басын бір жағына аздап жантайтып, ән салғаннан бұрын сәндене береді. Осы кезде мен оның мақтаншақтығынан қызарып та кеттім, өзі сезетін де емес.

Ал, ол ән салғанда даусын құбылтып, әнді орындады, орынсыз соза береді. Колхозшылар қол соққан сайын Садық еліріп, пәлдене түседі.

Рас, колхозшылар оны бір-екі рет қайта шақырып ән салғызды. Ол бұған бұрынғыдан бетер есіріп кетті. Даусын барынша қынап, домбырасын қайта-қайта шертіп, әлек болды да қалды. Ал, ән салғанда даусын құбылтамын, түрлентемін деп көп әуреленді. Онысынан ешнәрсе шыққан жоқ. Садық Жаппаров түгіл Жүсіпбек Елебеков сыяқты атақты әншілерді тындап жүрген колхозшылар оның бұл қылығына іштерінен күлді де қойды. Мен тағы қызарып кеттім. Ал ол пәлденіп, сазара түседі. Жасыратыны жоқ, досың мақтаншақ болса, өзің ұятқа қалады екенсің.

Осы Садық Жаппаров кімге еліктейді екен? Біздің атақты әншілеріміз әлгіндей орынсыз қылықтар жасай ма? Әрине, жоқ. Ал, бұл кімге еліктеп жүр?

Ол пионер лагеріне басқа мектептен келген оқушыларға «мен әнші боламын» деп мақтаныпты.

Бұл да мақтаншақтық.

Екіншіден «әнші боламынына» жол болсын? Оны мектепте оқытқанда әнші болсын деп оқыта ма екен. Біз айтамыз, пионер деген комсомолдың көмекшісі, ол коммунизм құру ісінде комсомолдың орнын басуға әзірленеді дейміз. Демек, бізге агроном, зоотехник, инженер, оқытушы, механик, тағы сондай мамандар керек. Әннің коммунизм құру ісіне қаншалық қатысы бар?

Мұратбек Қайсаров.»




Мақаланы оқып болған бойда Балташ «Қайсаров» деген фамилияны тағы бір қайталап айтты да:

— Қайда әлгі Садық, бармысың, көрдің бе, дос дегендердің біразы қасында ыржақтап өтірік күліп жүреді де, басқан ізінді аңдйды,— деді.

Балалардың біразы Балташтың тауып айтқан сөзіне риза болғандай күлісті. Осы кезде мектеп залының алыс түкпірінде тұрған Садықтың қызыл шырайлы дөңгелек жүзі әпсәтте күреңденіп, жүрегіне от түскендей, қобалжулы тұр еді. Оның үстіне балалардың мына бір күлкісі мен Балташтың әне бір айтқан сөзі оны тым-ақ жасытып кетті. «Шынымен-ақ, менің кісі күлерлік, мазақ боларлық қателер жасағаным ба? Әлде Мұратбек тым асырып, өтірік айтып, мені масқараламақ болды ма екен?» — деген сыяқты бір күңгірт ойлар оның басына әлденеше рет келді де, өзінен өзі ғайып болып кетті. Оның орнын ызалы бір ашу, реніш, қорланған адамдарда болатын кек толқыны басты. Ол булығып, іштей тынды, ешкімге тіс жарып ешнәрсе айта алмады. Өйткені бұл мектеп оқушыларының ғана емес, тіпті Садықтың өз басының да күтпеген оқыйғасы еді. Ол өзінің басында мына мақалада айтылғандай мақтаншақтық бар деп ұқпайтын. Екіншіден, ол әнші боламын дегенде, әннің өмірге, адамға қажеті жоқ нәрсе деп санамайтын. Мұндай ойлар оның басына ешқашан да кіріп шықпағандықтан да ол мұндай төтеннен келген тосын соққыны көтеруге әзір емес еді. Осы бір камсыздық бүгін оны тым жасытып та, мұнайтып та кетті.

Садық бүгін сабақтың не болғанын да білген жоқ. Осы көңілсіздік көз алдында сөйлеп тұрған мұғалімнің де не айтып, не қойғанын тыңдауға мұршасын келтірмеді. Ол ішінен тынып, көп толғанды. Мұның үстіне кластағы балалар да, осы қандай күйде отыр екен дегендей оның бетіне жалтақтап қарай берді. Бұл көзқарастардың өзін ол екі түрлі түсінді. Мұның біразы Садыққа жаны ашып, аяныш еткендер болса, енді бір қатары «соққы көрген адам» қандай халде болады екен дегенді білу үшін қарайтын еді. Тек Балташ сыяқты бір-екі бала ғана: «шоқ-шоқ» — деп іштей сүйсініп отырған сыяқты. Садық отырған парта жаққа



оқтын-оқтын ұрлана қараған көп көздердің ішінде тым ауыры да, еңсені түсірер өткірі де соңғы екі-үш көздер еді.

Мұндай қолайсыз жағдай мақала иесі Мұратбекті де қыйнамай қалған жоқ. Ол өзі жазған сын мақаласының мұншалықты әсері болатынын ойламаған сыяқты.

Күні бойы Садық тіс жарып, ешкіммен сөйлескен жоқ. Тек қана сабақтан шығып, үйлеріне тарап бара жатып, Мұратбекке әлденеше рет көзін алартып, ызалы пішінмен сұқтана қарады. Содан соң біраз уақытқа дейін Садық жерге қарап, үнсіз жүріп отырды да, үлкен жолдың айырығына келгенде, өз үйіне қарай бұрыла беріп, Мұратбекті иығынан тартып тоқтатты да:

— Сен салпыауызды құртамын! — деп жұдырығын түйіп, даусын қатты шығарды. — Көресің, сені құртамын, тұмсығыңды қан жалағандай етемін.

Мұратбек те, оның қасындағы балалар да оқыс шыққан дауыс пен тас түйілген жұдырыққа таңқала қарады. Өйткені, бұдан бұрын балалар ешқашан да Садықтың мұндай ащы шыққан даусын, төбесінен жоғары көтерілген жұдырығын көрген емес-ті.

* * *

Садық түні бойы дөңбекшіп ұйықтай алмады. Ойы шар тарапқа кетті. Ол өзін орынсыз кіналаған балалардан кетіп, басқа мектепке барсам ба екен деп те ойлады. Қайда бармақ, көрші колхоздың мектебі мұны ала ма? Ала қалғанда, ол мектептің балалары мұның не үшін келгенін білмей ме? Әрине, біледі! «Өзіміздің мақтаншақтарымыз аздай-ақ мына бір мақтаншақ келіпті» — деп күледі ғой. Еті үйреніскен, бірге өскендерден гөрі, бөтен балалардың күлкісі мен мазағы бәрінен де жаман болар.

Ол шалқасынан, үйдің қараңғы төбесіне қарап ұзақ жатты. «Домбыраны пешке өртеп, әнді қоямын.» — деп күбірледі де, таң алдында ғана әбден шаршап ұйықтап кетті.

... Міне, көрдіңіз бе, даусы жақсы шығалы деп, жұқа тақтайдан жасап, ешкі шегінен перне, шек таққан кішкене домбырасы пеште лаулап жанып жатыр. Домбыра тақтайлары сыртылдап, шектері мен пернелері бырт-бырт үзіліп, лаулай түседі. Домбыра ұзақ жанды, тіпті жанып бітпей қойды. Қара күйеленіп жанған жағы қайтадан қалпына келіп, үзілген перне мен шектер қайта жалғанып, қайтадан кәдімгі домбыра қалпына келіп, жанбай қала берді.

Ол осының бәрін жалғыз өзі ғана көріп тұр. От қызуы домбыраны жандыра алмады.

Садық осы бір оттың қызуынан болар, төсектен терлеп, қыйналып барып ояңды. Ол ояңған бойда ұйқылы көзін ашпастан төсегі тұсындағы қабырғаға қолын созып еді, саусағы домбыра шегіне тиіп, сыңғыр ете қалды. Домбырамның жанбай қалғаны рас екен ғой дегендей ол көзін жалма-жан ашып алды. Сабаққа баратын уақыт та болып қалыпты.

Ол ертеңгі тамағын асығыс ішіп, мектепке келді. Балалардың қалың тобына енген бойда оған тағы да кешегідей бір ауыр ой салмағын сала бастағандай өзінен өзі қысыла түсті. Мұның үстіне Мұратбекке кеше айтқан «құртамын» деген сөзі мен көтерген жұдырығы үшін де ол қысылды, оның кіршіксіз таза, жастық ары сол бір істеген қылығын өзіне оғаш көрсетіп, өз өзін қатты кіналағандай болатын. «Нақ кешегідей әдепсіздік істеген менің мақтаншақ, өркөкірек, өзімшіл болуым да кәдік» деп ойлады ол ішінен.

Осындай шытырман ойлар ішінде тұрған кезде қоңырау қағылды.

Алғашқы сабақ — география пәнінің мұғалимасы, әрі осы кластың жетекшісі Айман Бақытованың сабағы еді. Сабақта Садық қана әлі сол алғашқы көңілсіздікпен мұғалима сөзін бірде тындап, бірде тындамай өткізді. Бұл жайдың бәрін мұғалиманың қырағы көзі көрген еді. Сондықтан:

— Жаппаров, сен сабақты неге тындамай отырсың, езің неге көңілсізсің, әлде ауырып отырсың ба? — деді.

Ол алдында жатқан жазулы қағазды да жасыра алмастан төмен қарады. Мұғалима ол қағазды қалтасына салды да, орнына келді.

Қоңырау соғылса да, жетінші «Б» класының оқушылары сыртқа шыққан жоқ. Өйткені қоңырау соғылардан бір-екі минут бұрын Айман Бақытова қалтасындағы қағазды алды да, дауыстап оқыды.

«Айман апай!

Мен домбырамды сындырып, отқа тастайын, сөйтіп, ән салуды мүлдем қояйын деп едім. Осыған сіз қандай кеңес айтар едіңіз?»

— Мына мәселе маған мүлде түсініксіз. Қане, бұл не дегенің, түсіндірші, Жаппаров. Әлде сені біреулер ән салма, домбыра тартпа деп қорқытып жүр ме?

Оқушылардың бәрі біресе Садыққа, біресе Айманға қарап қалыпты. Садық жай ғана орнынан тұрып:

— Жоқ, мені ешкім қорқытқан жоқ. Мен өзім осы күнге дейін қателесіп келіппін. Домбыра мен әнге әуес болудың керегі жоқ екен... — деді.

— Не дедің? Түкке түсінгенім жоқ, неге керегі жоқ. Оны саған кім айтты, әлде өзің бе ойлап тапқан?

— Сіз қабырға газетін оқымаған екенсіз ғой.

— Қандай қабырға газетін айтып тұрсың?

— Апай, ол былай, — деп Мұратбек қолын көтерді, — кеше біз кластың қабырға газетін шығарғанбыз. Сонда біз Жаппаровтың кейбір оғаш істерін сынағанбыз.

Балалармен бұдан әрі бұл әңгіме жайлы сөйлесу үшін қабырға газетінде не жазылғанын білу керек еді. Сондықтан да Айман Бақытова «енді түсінікті» деген бір сөз айтты да, есікке қарай жүрді. Кластары балалардың бәрі орнынан тұрып, оны есікке дейін үнсіз түрде, енді не болар екен дегендей ойлы көзбен шығарып салды.

Класс жетекшісі сабақтың соңынан бір-ақ оралды. Ол класқа келген бойда ешқандай ашусыз, салмақты түрде сөз бастады:

Ол мақаланы оқығанын айтып, оны талдай түсті.
— Мақаланың дұрыс жағы сол — егер рас болса, Садықтың мақтанғаны, әнді бұзып салғаны, колхозшыларға бас имегені артық болған. Ондай әдеттер совет мектебінің оқушылары үшін жат қылық. Бірақ мектепте, класс ішінде, оқушы жолдастары арасында, ата-аналарының алдында сондай кішіпейіл, тәртіпті оқушының пионер лагеріне барғанда әлгідей болып кетуі таңқаларлық нәрсе. Мүмкін, Мұратбек Қайсаровқа солай болып көрінуі де ғажап емес қой. Өйткені мақалала баланың айтқан сөздері, істеген істері емес, қыймылы сөз болып отыр. Ал, осы мақаланың аяқ кезіндегі «әннің коммунизм құру ісіне қандай қатысы бар?» деген сөзге келетін болсақ бұл, әрине, қате пікір. Ән деген адамзаттың ежелгі жолдасы. Оның ішінде әнді совет адамдары өте жоғары бағалайды. Сол мақалала Қайсаров айтқан инженер, зоотехник, механик, мұғалімдердің өзі сауықты, оның ішінде, әнді, жалпы музыканы жақсы көреді. Демек, коммунизм орнату ісінде әннің де өз орны бар. Ән — адамның рухани азығы.

Класс жетекшісінің сөзін оқушылар жалықпай, үнсіз отырып, ұната тындады. Ол класс газетін қабырғаға ілер алдында мұғалімге көрсетіп алу қажеттігін де, Мұратбектің мақаласын осы күйінде басқан редколлегия мүшелерінің қатесі жөнінде де айтты.

Садықтың реңіне нұр кіріп, кеудесін көтере бастады. Бәрінен де бұрын Айман сөзі осыған қатты әсер етті білем, ол әрбір сөздің мәніне зер салып, тынысын ішіне тартып отыр. Ал, басқа балалар, енді бұрынғыдай Садыққа карамастан, Мұратбекке қарады. Енді ол бұдан ек-үш сағат бұрынғы Садықтың күйіне түсіп, төмен қараған бойы партаны қолымен шұқылап, үнсіз мұная қалыпты.

— Садық Жаппаров мына бір қағазда, мен әнді тастаймын, домбырамды сындырамын депті. Бұл дұрыс емес. Өнерін бар екен, талабың бар екен, оны тастама, қайта өрістетте бер. Солай емес пе?

Бұл тақырыпта әлі талай сөйлесерміз.

Балалар кластан бұрынғыша көңілді қайтты. Өйткені әлгі бір кездегі алауыздық, қырғый-қабактық класта қалып қойған сыяқты болды. Бірлік пен ұйымшылдық бар жерде көңілділік пен достыққа орын көп те, кен де емес пе.

С. Бақбергенев.



АРА

Терезе алды құлпырды
Кызыл, сары, көкала.
Шешек атты гүл түрлі,
Үйір болды көп ара.
Кызыға қарап тұрғанда
Шағып алды басымнан.
Еңбекшіні қуам ба
Балын бізге тасыған.

ТАРТАС МЕКТЕБІ

Биік жаудың басында
Зәулім Тартас мектебі.
Есімде

өткен осында

Жастық шақтың көктемі.
Есімде қалам қолға алып
Жазғаным алғаш бір әріп,
Ұмытып, атын ойланып
Анама айтқан қуанып.
Азамат боп енді біз
Әр өлкеге тарадық.
Келеді бірақ көргіміз:
Қандай ыстық балалық!
Әлі де солай ұрпағын
Тәрбиелеп құрметтеп,
Жас шағымды жыл сайын
Қайталайды бұл мектеп.

ҚАРАҒАЙ

Жаз жасылға оранған,
Қыс ән қосқан дауылға.
Бір қарағай орманнан
Әкелінді ауылға.
Тақтай етіп тілді де,
Жонды ұста сүргілеп.
Төрімде енді түр міне
Шкаф болып сырлы, көк.
Достарынан бақытты
Өкіліндей торманның,
Құшағына алыпты
Көсемдердің томдарын.

М. ЖАМАНБАЛИНОВ.

АБАЙ БАҒЫ

Күн сайын інім Ғалымбек
Көтеріп Абай суретін,
— Өзімнің ақын атам, — деп,
Құшақтап алып жүретін.
Жайқалып өскен жас бағын
— Абай, — деп бүгін атапты.
Кішкене бақта Абайдың
Есімі қалды атақты.

Т. ҚОШҚАРБАЕВ.

КӨЛ ЖАҒАСЫНДА

Күздің бір күнінде Қостанай даласындағы Калинин көлінің жағасында оңтүстікке қайтқан қаздардың өтуін күттім.

Бір кезде қарасам, ашық аспан төрінде бір бүркіт қараша қаздың бір үйірін алдына салып қуып келеді екен. Қараша қаздар бытырап қашып көлге қарай жанталасып, қаңқылдап, даланы жаңғырқытырып жіберді. Жыртқыш бүркіт қаздардың ірілеу біреуін үйірінен бөліп алды да, алаңсыз соның соңына түсті. Секунд сайын олардың аралары жақындап келеді. Өзінің ажалы жақындағанын сезген қараша қаз жалт бұрылды да, төмен қарай зымырап, жерден отыз метр шамасындағы биіктікте ұшып келе жатып, біреуді көмекке шақырғандай аянышты үнмен қаңқылдай берді. Бірақ, бүркіт айласын асырып кетті: ол бұрынғы бойымен қуа берудің орнына зымырап жоғары көтерілді де, көз жетер-жетпес жоғарылықтан қанаттарын жыйып алып, қазға қарай шүйіле жөнелді.

Бүркіттің шапшаң сорғалағаны сондай, тіпті мен оған көз ілестіре алмай қалдым. Бүркіт қараша қазды кеудесімен соғып қалған сәтінде ғана көрдім. Тегеурінді сокқыға ұшыраған қаз байғұс бойын жыя алмай, лақтырылған тасша жерге қарай құлай жөнелді. Түрегеліп тұрған адам қолын созса оған жететіндей. Мен енді аз аялдасам болды, қаз жыртқыштың шеңгеліне ілігіп, оған жем болатын еді. Косауыз мылтығымды кезендім де, көздеместен атып жібердім. Бүркіт шошып кетіп, қанатын қағып қалды да, жалт берді. Ал қараша қаз оқ тиген құсша, жумарланған шүберектей болып, бетегенің арасына тік құлап түсті.

Ол мен тұрған жерден қырық метрдей алыс барып түсер деп жорамалдадым. Күзге қарай селдіреген бетеге менің тіземе де жетпейді. Мұндайда атқан құсыңды тауып алудың қанша қыйындығы бар? Бірақ, мен қайтып жатқан қаздарға оқ ата алмай елөуір жерді сүзіп шықтым. Қараша қазды таба алмадым.

Бұл не? Өтірік өлген болып, тасалау жердегі шөптің арасына жасырынып немесе ұшып кете қалатындай құстың айла жасауы мүмкін емес қой.

Алтын уақытымды босқа өлтіргенім үшін өзіме өзім кейіп, қурай арасындағы велосипедіме беттедім. Ойда жоқ жерде алдымнан бетеге сыбырлап, қыбырлай бастады. Мен сол жерге жүгіріп барсам, қанша уақыт іздеген қараша қазым бұқпалап қашып барады екен.

Аузын жаба алмай, ыр-ыр еткен қараша қазды ұстап алу қыйынға түскен жоқ. Оның семіз денесін түгел қарап шығып, мен ешбір жері зақым болмағанын көрдім. Ол бүркіттің қорқынышты шабуылынан кейін есенгіреп қалса керек.

Құсты багажнигіме байлап алып, мен үйрек ату үшін көлдің қамысына аттандым.

Құс шуы басылмаған көлге келген соң менің қолымдағы қараша қаз тынышсыздық білдіріп, серги бастады. Су жиегіне әкеп ем, жанталасып су ішті. Суды көп ішті, жүремінен отырып оның екі



бүйірінен ұстаған менің қолым да талды. Кенет жұлқынып қалған құс менің қолымнан сусып кетті. Қанатымен суды сабап қалып, ентелей көтеріліп ұша жөнелді. Еркі өзіне тиіп, өз үйіріне қосылуға мүмкіндік алған қараша қаз бар даусымен қаңқ етті. Бұл — оның қуанышының үні еді.

Бұған өкінуге де болмайды. Ересек қаз қолға бәрібір үйренбес еді. Мен қамыстың жиегіне шықтым да, құс қарай бастадым.

Маған қарай бір шүрегей үйрек ұшып келе жатыр екен.

Көзбен емес, көкірекпен көздеп, басып салдым. Ұшып келе жатқан бағытынан айрылған үйрек бір жағынан аунап түсіп, оң қанатын ербendetіп, қыйғаштай құлай бастады. Менен төрт кадамдай жерге мөлдір судың үстіне шолп етті де, сүнгіп кетті. Мен мылтығымды екінші рет кезей қалдым. Су айдынындағы шеңберлер бытырап барады. Бірақ, шүрегей ешбір белгі білдірмеді.

Минуттан соң минуттар өтті. Үйректі табу үмітім үзілуге айналды. Дегенмен төменге, жан-жағыма қарай бердім. Ақырында аяғым астына қарадым да, еріксіз күліп жібердім: шүрегей үйрек менің аяғымның дәл астында, су ішінде бұғып отыр екен. Ол қамысқа тіреп қойған жалпақ тұмсығының ұшын ғана сыртқа шығарып дем алып тұр. Оның дөңдөңгелек көздері көгілдір судың астынан маған қарайды.

Мен үйректі ұстай алдым. Оқ сол қанатының ұшын алып кетіпті. Салқын түскенше қанаты жетіліп, шүрегей тағы да өз сапарына шығуына болады.

Бұл сыяқты айлакерді үйде ұстауға бола ма? Мен оны қамыстың арасына қоя бердім.



В. Пашков.



ХАН МЕН КЕДЕЙ

(Осетин ертегісі)

Бұрынғы өткен заманда бір хан мен бір кедей болыпты, хан шығыста, кедей батыста тұрады екен. Ханның әдемі сарайы бар екен, ал кедей бір ескі лашықта тұрыпты. Ханның шетінен семіз үйір-үйір жылқысы болған, ал кедейдің бір арық биесі бар екен. Ханның жылқысы шығыс тауларының етегіндегі көк майсада жайылады екен де, кедейдің арық биесі батыс тауының етегіндегі тақырда жайылады екен.

Бір күні кедейдің биесі құлындайды; кедей қатты қуанып: «Жылқым енді екеу болды, екі жылқымен жұмыс істеп, хан сықылды байыймын» — деп ойлайды.

Кедейдің биесінің құлындағанын хан біледі; содан кейін ол мынадай ойға қалады: «Кедейдің құлынын тартып алу керек, егер тартып алмасам, құлын кейін ат болады, кедей екі жылқымен жұмыс істейді де, байып кетеді, ал байып алған соң маған салық төлемейді.»

Хан әрі-бері ойланғаннан кейін, өзінің қызметшілерін шақырып алып:

— Сендер кедейге барып оған былай дендер: «Шығыста ханның айғыры, батыста сенің биенің жайылып жүрген кезде, ханның айғыры кісінеген екен, содан кейін биенің құлындапты, хан бізді сол құлынға жіберді дендер» — дейді.

Ханның күзетшілері аттарына мініп, батыс жақтағы тауға қарай шаба жөнеледі.

— Қайырлы таң, амансың ба? — дейді олар кедейге.

— Айтқаның келсін, құдай жарылқасын! — деп жауап береді кедей. «Ханның салығын төлегенмін, бұларға тағы не керек екен?» — деп ойланды да, қызметшілерден: — Менің ескі лашығым сендерді қайтағдыр айдап келді? — деп сұрайды.

— Біз ханның құлынын алып кетуге келдік, — дейді күзетшілер.

— Менде ханның құлыны жоқ, бір ғана құлыным бар, оны өзімнің бием тапты, — дейді кедей.

— Жоқ, бұл құлын сенікі емес, хандікі, — дейді қызметшілер. — Шығыста ханның айғыры, батыста сенің биенің жайылып жүрген кезде, ханның айғыры кісінеген екен, содан сенің биенің құлындапты.

— Сендердің ханның өтірікшісі, — дейді кедей. Сөйтіп, құлынды бермейді. Ханның қызметшілері қайтып келіп, кедейдің айтқанын ханға жеткізеді.

Кедейдің құлынын алып келмегені үшін хан өзінің қызметшілеріне қатты ашуланады, оларды сабайды. Сол күннен бастап, хан ұйқыдан да, тамақтан да қалады, бар ойлағаны кедейдің құлынын қайткенде де тартып алу болады.

Хан өзінің желаяқ адамын шақырып алып:

— Батыстағы тауда тұратын кедейге бар да: «Хан өзінің сарайында отырады; егер сен ханды сарайдан алдап тысқа шығара алсан, құлының өзіңде қалады, оның үстіне, ер-тұрманымен бір арғымақ береді, ол — ол ма, саған әйелдікке қызын да береді. Ал егер ханды сарайдан шығара алмасан, ол уақытта құлын хандікі, тіпті үстемесіне биенді де қоса алады» де, бар! Осыны айт, — дейді.

Желаяқ ханның айтқанын кедейге жеткізді.

Кедей біраз ойланады, өйткені «кедейдің ханға қарсы келуі қыйын ғой».

— Жарайды, ханның қалағаны-ақ болсын, — дейді.

Ханның желаяғы кеткен соң, кедей ханды сарайдан қалай алдап шығарсам екен деп ойлана бастады. Кедей ойланып-ойланып ақыры мынадай тоқтамға келді: «Ханның он екі ауылын түгел аралап шығайын, ханның арам пиғылын еліне айтайын, мүмкін біреу болмаса біреу ханды қалай алдаудың әдісін маған үйретер».

Келесі күні кедей ханның он екі ауылындағы жұртты жыйнап алады, кемпір-шалды да, еркектерді де, әйелдерді де тегіс шақырып, оларға былай дейді:

— О, жарандар! Менің айтқанымға құлақ салындар! Менің бием құлындаған еді, хан біліп қалып, оны менен тартып алғысы келеді. Хан менің алдыма мынадай шарт қойды. «Мен сарайымда отырамын. Егер сен мені одан алдап тысқа шығара алсан, құлынды өзіне қалдырамын, тағы да ер-тоқымымен бір айғыр беремін. Ол ол ма, тіпті, қызымды да беремін. Ал егер, мені шығара алмасан, ол уақытта құлының түгіл биенді де қоса аламын.» — дейді. О, жарандар, ханды сарайынан алдап шығаруға жәрдем етіңдер.

Ханның атамлары азды-көпті ойланғаннан кейін кедейге былай дейді:

— Біздің ұлы ханға салық төлейтін уақытымыз жетті. Жүріңдер, бәріміз бірге ханға барып, оған: О, тақсыр сарайыңыздан шығыңыз, алым-салық жыйнап әкелдік дейік, — дейді.

Бүкіл он екі ауылдың адамы жыйналып, ханның сарайына келді, бұлар ханға он екі ақсақалын жіберді. Қарттар ханға келіп, былай деді:

— О, ұлы мәртебелі хан! Сарайдан шығып халқыңызды қарсы алыңыз, біз сізге он екі ауылдан көптеген алым-салықтар, сыйлықтар және дұғай-дұғай сәлемдер алып келдік.

Хан оларға ақырып:

— Салықтарыңды менің күзетшілеріме, сыйлықтарыңды желаяққа, сәлемдеріңді менің иттеріме қалдырыңдар да, өздерің тез кетіңдер! — деп айғай салды.

Қарттар қатты күйініп, еңселері түсіп, сарайдан шығады, кедейге және ханның адамдарына келіп:

— Өркөкірек хан біздің айтқанымызды тіпті тыңдағысы да келмейді, — дейді.

Сонда Күн ауылынан келген бір қарт:

— Біздің ауылда бір бала бар. Егер ханды сол бала алдай алмаса, онда жер жүзінде басқа ешкім де алдай алмайды, — дейді.

Кедей Күн ауылындағы балаға жүгіріп кетеді. Келсе, әлгі бала көннің үстінде арпаның нанын жеп отыр екен.

— Сен нанды неге көннің үстінде отырып жейсің?

— Нанның көгерген исі білінбесін деп отырмын, — дейді бала.

— Әкең қайда?

— Үш батпан жанжал жыйнап әкелуге кетті.

— Үш батпан жанжалды не үшін жыйнайды?

— Біздің егін егетін жеріміз жоқ. Жердің бәрі хандікі. Сондықтан әкем үш уыс арпаны үш жолдың арасына апарып септі. Әкем сол жерге күнде барады, егінді таптайсыңдар деп, өткен-кеткен жолаушылармен ұрысысумен болады.


— Шешен қайда? — деп сұрады кедей.

— Көршімізге қарызға жылауға кетті, — деді бала.

— Неге сенің шешен көршіге қарызға жылайды?

— Неге десеңіз, бүгін ол бөтен біреудің өлігіне жыласа, ал ертең біз аштан өле қалсақ, көршілеріміз бізге де жылайды, — деді бала.

Баланың жауабы кедейге өте ұнады, содан кейін ханның өзінің құлынын тартып алмағын және ханды



сарайдан қалай алдап шығаруға болатынын балаға айтып түсіндірді.

Сонда бала айтты:

— Маған ханның он екі ауылынан он екі жігіт беріңдер, он екі ат, үлкен сақалды бір теке және бір інген беріңдер. Сонда мен ханды сарайдан шығара аламын.

Ел баланың айтқанын істеді. Бала он екі атқа он екі жігітті мінгізді де, олардың жанқалталарына гранит тастарын толтырып салып берді.

— Ханның сарайына жүреміз, егерде ханның он екі төбеті сендерге жүгірсе, әрқайсың қамшыларыңмен бір-бір ұрыңдар.

Он екі жолаушы ханның сарайына қарай жүріп келе жатыр. Олардың алдында баланың өзі жаяу келеді. Оның бір жағында сақалын секектетіп ешкі келеді, екінші жағында ерін салпылдатып түйе аяндап келеді. Міне, бұлар осы қалыппен ханның сарайына келіп жетті. Бұлардың алдынан ханның он екі төбеті жүгірісіп шықты. Оларды он екі жолаушы қамшымен бір-бір салып қалды.

Ханның төбеттері қыңсылап, улап-шулап қым-қыйғаш болады. Хан төбеттерінің қыңсылағанын естіп қатты ашуланады, бірақ сарайынан шықпайды. Сол кезде бала: — Ей хан, сыртқа шығып менің сұрақтарыма жауап бер! — деп айғай салады.

Хан терезеден қарап кішкене баланы көреді де: — Ұлы мәртебелі хан сендей жас баланың алдынан шығушы ма еді? Не, өзіңнің айтып тұрғаның? — дейді.

Сол кезде бала түйені сауырына сабалап ханның сарайына қарай айдайды да: — Жасты менсінбесең, үлкенді жібердім, шық сарайыңнан! — деп айғайлайды.

— Үлкен болғанмен сақалы жоқ, шықпаймын, — деп айғайлайды хан.

Ханның сарайына текені қуып барады да, ал саған сақалдыны жібердім, енді шық! — дейді бала. Хан ойланады, қысылады.

— Егер маған жұмыр тастардан ішік тігіп берсең шығамын, — дейді ол.

— Он екі жігіттің қалтасы толы асыл тас, егер сен сол тастардан жіп иіріп берсең, жұмыр тастан ішік тігіп берейін, — дейді бала. Хан баланы алдай алмайтынына көзі жетіп, амалсыздан сарайдан шығады. Титтей баладан қулығын асыра алмағанына зәбірленіп:

— Менің төбеттерімді неге ұрдың? — деп ақырады балаға.

— Мен өзімнің он екі жігітіммен батыста аң аулап жүр едім, сенің шығыстағы иттерің үріп біздің батыстағы андарымызды үркітіп жіберді, сондықтан ұрғанымыз рас, — дейді бала.

— Сен бала барып тұрған өтірікші екенсің, шығыста иттердің үрген даусы батысқа қалай жетеді? — дейді хан ашуланып.

— Сенің шығыстағы айғырың кісінегенде батыстағы бие қалай құлындады? — дейді бала.

Хан өзінің жас баладан жеңілгенін сезеді.

— Сен кәрі ханды жеңдің, өзің ер жеткен соң қызым саған күйеуге шығады, менің жылқымның ішінен қалаған тұлпарыңды таңдап ал. Батыстағы кедей құлынының өзінде қалғаны үшін саған да, құдайға да алғыс айтсын.

Бала ер жеткен соң ханның қызына үйленеді. Хан өзінің күйеуіне көптеген алтын, үйір-үйір жылқы береді. Бала мұратына жетеді. Кедей өзінің құлынын бағып өсіреді, екі жылқымен жұмыс істейді.

Хан кедейдің байығанын көріп қызғанады, іші күйіп ызаланады, ақырында хан ызаға булығып өліп кетеді.

(Қысқартылып аударылған.)

ҚАЗАҚТЫҢ ТҮҢҒЫШ ҒАЛЫМЫ

Мұнан 90 жыл бұрын 1865 жылы қазақ халқының тұңғыш ғалымы және демократ-ағартушысы Шоқан Шыңғыс ұлы Уалиханов қайтыс болды.

Шоқан Уалиханов 1837 жылы туы. Ол балалық шағын атақты Сырымбет даласында өткізді. Ауыл медресесінде үш жыл оқығаннан кейін, 10 жастағы Шоқан 1847 жылы Омбы қаласындағы Кадет корпусына оқуға түсті.

Шоқанның мектепте бірге оқыған жақын досы, саяқатшы-ғалым Г. Н. Потанин өзінің есте қалғандарында: «Ол сол кездің өзінде-ақ ересек адамдай еді... жолдастары арасында өзінің білімінің бізден артықшылығына мақтанбайтын, бірақ оның білім жағынан басымдылығы реті келген жердің бәрінде үнемі көрініп тұратын. Өзінің жолдастары үшін, оның ішінде мен үшін ол еріксізден «Европа жақтары терезе» сыяқты болатын еді» деп жазады.

Шоқан Кадет корпусын 1853 жылы бітіріп шыққан соң, Батыс-Сибирь генерал губернаторының адъютанттық қызметіне қалдырылады. Осы қызметте жүріп, ғылыми-зерттеу экспедицияларында қатысады.

Шоқан Омбыда орыс халқының аса көрнекті ғалымы П. П. Семенов-Тянь-Шанскиймен, Омбы түрмесінен босатылған петрашевшіл ақын С. Ф. Дуровпен, жазушы Ф. Достоевскиймен танысады.

1866 жылы Шоқан Ыстықкөл, Құлжа аудандарына экспедицияға шықты. Ол Құлжада болған кезінде қытай, ұйғыр, дұнған халықтарының тарихын зерттеді. Сол өлкенің тарихы жөнінде көптеген материал жыйнады.

Шоқан 1858 жылы июнь айында Қашқарға саяқатқа аттанады. Осы кезде ғылым дүниесі Қашқардың, ондағы алты шаһар мемлекетінің тұрмысын, жер жайын, тарихын зерттеп, білуге ынтық болатын. Бұл сапардан ол 1859 жылдың апрелінде Верный (қазіргі Алматы) бекінісіне қайтып оралады. Қашқар саяқаты оқымыстылар ортасында Шоқанның даңқын шығарады. Шығыс Түркстан географиясы, тарихы және саяси өмірі туралы Шоқан жыйнаған мәліметтер ғылым жұртшылығы алдында жоғары баға алды. Сөйтіп, 22 жасар Шоқан Россия Географиялық Қоғамының толық мүшесі болып сайланады.



Шоқан Уалиханов

Қашқар саяқаты кезіндегі зерттеулерін Шоқан Петербургке барғанда баспасөз бетінде жариялайды. Ал, 1865 жылдары Шоқанның еңбектері Лондонда басылады.

Шоқан өзінің қысқа өмірінде істеген тамаша еңбектерін орыс тілінде жазды. Орыс ғалымдары жас Шоқанның ғылыми еңбектерін қатты сүйсініп, оған әрдайым қамқорлық жасап, достық кеңестерін беріп, туған халқы үшін әрқашан адал еңбек жасайтын адам болуына тілектестігін білдіріп отырды. Шоқан орыс халқының сол кездегі алдыңғы қатардағы ғалымдарымен, әдебиет қайраткерлерінің көбімен достас, пікірлес болды.

Петербург қаласында өткізген күндер Шоқан өміріне өшпес із қалдырды. Ол орыс армиясының генералдық штабында Азияның картасын жасасады, ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданады, Петербург университетінен лекциялар тыңдап, Орта Азия халықтары туралы қысқаша ғылыми конспектілер жазады.

Осы кезде Шоқан «Современник» журналымен байланыс жасайды, орыстың революцияшыл демократы Чернышевскиймен қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уалиханов 1861 жылы «Современник» журналының редакциясында кездесіп, әңгімелеседі. Чернышевскиймен кездескеннен кейін өзінің алған тікелей әсері жөнінде Шоқан: «Қандай ғажайып адам

бұл Чернышевский және ол орыстан басқа халықтардың өмірін де қандай тамаша біледі. Мен онымен кездесіп, әңгімелескеннен кейін — біз Россиясыз құраймыз деген пікірге бұрынғыдан да күшті келдім» дейді.

Шоқан қазақ халқының ұлы орыс халқымен достығын өте шаттықпен жақтап: «Біз... орыстармен тарихи жағынан да тығыз байланыстымыз» — деді.

Сөйтіп, Шоқан қазақ — орыс халықтары достығының жаршы, насихатшысы болды.

Шоқан денсаулығының нашарлығынан Петербург қаласында көп тұра алмай, туған еліне келіп, дем алып жатады. Халық әдебиетін жыйнап, орыс достарымен хат арқылы байланысып тұрады. 1863 жылдың аяғында А. Майковқа жазған хатында ол: «Қазір, қазақ даласында тұрғанымда, менің Петербургтағы достарым маған өте мөте қымбат көрінеді... Шонжарлармен сондай араз болсам да, дала пролетариатымен үлкен доспын... және олармен тез келісемін» деп жазды.


Тым ерте кездескен өлім Шоқан Уалихановтың әлеуметтік және ғылыми қызметін үзіп кетті. Ол 28 жасында қайтыс болды. Бірақ, соның өзінде де Шоқан орасан көп ғылыми еңбектер жазып үлгерді. Және ол еңбектерінің ғылымдық және қоғамдық маңызы аса зор. Оның үстіне Шоқанның көп еңбегі күні бүгінге дейін ғылыми тұрғыдан маңызын жойған жоқ.

Академик Веселовский Шоқан Уалихановтың ерекше қабілеттілігін былай сыпаттады: «Шығысты зерттеу өлкесінің үстінен қазақ хандарының нәсілі, орыс армиясының офицері Шоқан Шыңғыс ұлы Уалиханов аққан жұлдыздай өтіп кетті. Орыстың шығысты зерттеушілері бірауыздан Уалихановты таңқаларлық адамға санап, түркі тілдес елдердің тағдырын зерттеуде оған аса зор үміт жүктеген еді». Одан әрі Веселовский Шоқанның Россия мемлекетінің алдында атқарған пайдалы еңбектерін атап көрсетеді.

Міне, осы еңбектеріне қарап, қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқанды көп ұлтты совет халқы өзінің озат ғалымдарының біріне санап, мәңгі есінде сақтайды.

Т. Шойынбаев.

Тарих ғылымының кандидаты.



АВГУСТ

Орман ішіндегі құмырысқаның илеуін тауып алып, соған келіп кететін құмырысқа жолын қарайықшы. Жол үстінде өз бетімен тіршілік етіп, еңбектеніп жүрген құмырысқаларды көреміз. Біреуі ши тістеп, тағы біреулері бір нәрсені домалатып илеуіне қарай сүйрейді. Құмырысқаның илеуіне баратын жолдың екі жағына назар аударсаңыз, кәдімгідей жолдың екі жағына ағаш егіп тастағандай, қатар өскен сары гүлді өсімдіктерді көресіз.

Мұны жол жиегіне кім «отырғызды» екен? Байқап қарасақ, осы сары гүлді өсімдіктерді құмырысқалар «егіпті». Бұл өсімдіктің аса тәтті бір шырыны болады, кейде халық сол шырынды дәрі есебінде пайдаланады. Құмырысқа да осы шырынға құмар. Олар өсімдіктің өзін илеуіне қарай сүйреп алып шығады да, жолшыбай шырынын сорып, өзін тастап кетеді. Жол жиегінде қалған өсімдіктер тұқым шашып өсіп шығады.

Август — өсімдік тұқымдарының өсіп жетілетін айы. Қандай өсімдік тұқымының түрін болса да, августа іздеп табуға болады.

Өздері жылжып, ұшып ұрықтанатын тұқымдар болады. Мысалы мысыққұйрықтың тұқымы осындай. Оның тұқымы қабығымен жерге үзіліп түседі де қозғалмастан жатады. Осыдан кейін шық тұрып немесе жанбыр жауса, бойына дым тартса, тұқым өзінен өзі жанданып, бірнеше миллиметр



жерге дейін жылжый алады. Бірақ бұл құбылысты адамның көзімен байқау қиын. Күн көзі қыздырып, суы кепкен кезде тұқым тағы да тоқтайды. Су тиген кезде қайта қозғалады. Сөйтіп ол қашан ұрықтанғанда жылжумен болады.

Өсімдіктердің тұқым шашуы қызық қой. Бұдан талай нәрсені байқауға болады. Кей өсімдіктің тұқымы ауада жүріп, жел оны ұшырып әкетсе (бұған тозғанақ, бақ-бақ, ошаған кіреді), екінші бір өсімдіктердің ұшқын тұқымдары болады. Мысалы, үйеңкі, шегіршін, бук т. б. Ал, үшінші бір өсімдіктер (шалфей т. б.) тұқымын атып ұшырады.

Өсімдіктің тұқым шашу жолын біліп алу керек. Пайдалы өсімдіктерді қалай баптап өсіру, керексіз зиянды өсімдік тұқымдарын құрту жолын білу үшін бұл әбден қажет.

Орман ішінде бересклет деп аталатын бір өсімдік болады. Оның сабағына ілініп тұрған жидегін көрмегендерін аз шығар. Жидекте кара, қызыл түс аралас көрініп, дөңгелек құстың көзіндей елестейді. Бұта тәріздес бұл өсімдікте жидектің қалай өсетінін көпке шейін ешкім байқамай келді. Ғалымдар оны көп зерттеді. Ақыры онда бағалы гуттаперчаның (медицинада, техникада қолданылатын созылмалы сүт шырынды зат) барлығы анықталды.

Августа аздап болса да ағаштар сарғылт тарта бастайды. Бұл — күздің жақындап қалғанын аңғартады.

Құстардың жылы жаққа ұшуға дайындалатын мезгілі де таяп қалды. Ал, бөдене, ақ ләйлек, қарабай сыяқты құстар осы кезде-ақ оңтүстік жаққа ұшып кетеді. Аңдар жылы киініп, қысты қарсы алудың қамына кіріседі.

Август айында Жер өзінің орбитасын айнала отырып, метеорлар жолын кесіп өтеді. Бұл кезде әуеде Персей жұлдыздар шоғырына таяу жерден аққан жұлдыздар — метеорлар көп көрінеді. Егер метеорлар шын жұлдыздар болса, жердің несі қалар еді десенізші. Метеорлар — жаңғақтың үлкендігіндей жарықшақтар. Олар күн системасындағы планеталардың арасында жүреді. Ол жерден сексен-жүз километрдей қашықтықтың өзінде-ақ қызып, жерге жанып түседі.

«Егер ол кішкентай тас сыяқты ғана болса, аса кең аспан әлемінде қалай көзге түседі?» деп ойлауға болады. Ол — жай тас емес, өте жарық сәуле шашатын қызған бу бұлты.

Метеорлар қайдан шығады? — деген сұрауға жауап беру қиын емес. Оны астрономдар зерттеп тапқан. Метеорлар — бөлшектеліп жоғалып кеткен кометалардың қалдығы.

Метеорлар жолын августтың алтысынан он үшінше дейін бақылауға болады, әсіресе айдың он екісі күні метеорлар тіпті анық көрінеді.



АМАНТАЙ НЕГЕ НАШАР БАҒА АЛАДЫ?

Оқу жылының алғашқы тоқсанында Амантайдың бес пәннен бірдей нашар баға алуы бәрімізді мазалады.

Амантай жақсы оқуға ұмтылды, үйге берген тапсырманы орындап отыруға тырысты. Ол сабаққа ынтасыз да болмады, жолдастарынан қалып қоймауды да көздеді. Ол ұяла да білетін, намысы да бар шәкірттің бірі болып көрінетін. Бірақ соған қарамастан, сабақты нашар үлгірді. Оның себебі не? Міне біздің кластың пионерлері соның бетін ашуға ұйғарды.

Амантайдың басындағы кемшілікті анықтау үшін әдейілеп біз бірнеше пионерлерді бөлдік. Олар Амантайдың сабақ уақытында қалай отыратынынан бастап үйге берілген тапсырманы қалай орындайтынына шейін жансыздап байқады да жүрді. Ерінбей байқап жүрген пионерлер ол кемшілікті тапты да.

Мұғалім сабақты түсіндіріп тұрғанда, Амантай өзінің жіте түсіне алмай қалған жайларын іле қайталап сұрай алмайды екен. Бұл түсінбегендерін ол өзінің парталас жолдастарынан сұрауды да ыңғайсыз көретіні байқалды. Сонымен ол кейіннен кітаптан көп қайталап оқумен уақытының көбін өткізіп алады екен.

Мұндай көмескі «жайлар» Амантайда күннен күнге көбейе, ұласа береді. Оның бәрін тек кітаптан ұзақ оқып білу әрі қыйындап, әрі жалықтыра түседі. Міне, осыдан барып ол біресе бір сабақтан, біресе екінші сабақтан нашар баға ала бастайды. Мұның салдары оны үлгірмеушілер қатарына түсірді.

Анықтап алған соң біз Амантайдың бұл кемшілігін пионерлердің талқысына салдық. Жолдастары оны сынай отырып түсінбегендерін дер кезінде мұғалімнен, онан қалса оқушылардан сұрап отыруға және томаға-тұйықтанбай кластастарымен ашық, жарқын сөйлесуге ақыл берді.

Тепеш Жамалиев сыяқты жолдастары Амантайға сабаққа бірге әзірленейік дегенді ұсынды. Бұл ұсынысты пионерлердің бәрі қуаттады. Жолдастарының бұл достық ниетіне Амантай қатты қуанды, оларға алғыс айтты. Бұдан былай ол жолдастарымен ақылдасып, түсінбегенін сұрап жүретін болды. Үйге берілген тапсырманы Тепешпен бірге әзірледі.

Амантай осылайша шұғылдану арқасында біраздан соң мүлде өзгерді. Ол сөйтіп барлық пәннен алдағы оқушыларға теңелді.

V класта басқа да бірнеше оқушыда төмен баға бар еді. Ұйымшыл коллектив оларға да нақтылы көмектесті.

Қазбек Әлімбаев.

ОТРЯД КҮНДЕЛІГІНЕ ҮНІЛГЕНДЕ...

— Біздің отрядымыздың барлық өмірі, пионерлік істері — осы дәптердің ішінде. Бұл отряд күнделіктері, — деп аға вожатый Базар Айтмағамбетов бізге бірнеше дәптер ұсынды. 4-отрядтың күнделік дәптері. Мұнда жаңа оқу жылы басталғаннан бері отряд өміріндегі елеулі уақыттар, жыйындар, жорықтар, әңгімелер, отряд пионерлері оқыған кітаптары туралы жазылған.

Әрбір пионердің оқыған кітаптары туралы отряд күнделігіне жаза беру мүмкін емес, оның бәрі бір дәптерге сыймайды да. Оқыған кітабы жөнінде пікірін жазып жүрген әр пионердің арнаулы дәптері бар. Камаров, Құсаинов, Төлегенов сыяқты пионерлеріміз жаңа кітапты оқып шыққаннан кейін, алған әсерлерін, өзіне қай кейіпкер ұнағанын, қай кейіпкер ұнамағанын ұқыпты түрде жазып отырады. Қазір отрядта кітапхана бар, оны ұйымдастырған — пионерлердің өздері. Жуырда В. Катаевтың «Полк баласы» деген повестін олар бірігіп оқып шығып талқылады.


Отряд пионерлері оқуды — басты міндетіміз деп, дұрыс ұққан. Әр жыйын, әр әңгіме оқушылардың ой өрісін кеңейтіп отыруына арналған. Бұл салада, әсіресе, «Ғылым әлеміне саяқат» деген тақырыпқа өткізілген жыйын көп көмегін тигізді. Пионерлер математикадан, физикадан, географиядан қойылған қызық сұрауларға жауап берді. Горянов, Жалмұрзин, Құсаинов, Өтебаев сыяқты пионерлер математиканы, географияны жақсы білетіндіктерін көрсетті. Пионерлер сынбайтын әйнек, қолдан жауғызылатын жауын жайында қызық әңгімелер айтты, «Ұлы орыс тілін үйрен» деген тақырыпта да қызық жыйын өткізілді.

Оқу жылын ойдағыдай аяқтаған отряд қазір жазғы демалысты пайдалы өткізіп жүр.

Ғ. Каленов.

Ақмола облысы, Сталин ауданы, Кеңес атындағы орта мектеп.





Планетарийды қарап тұрған пионерлер: Ропаконская Наташа, Николаева Таня.
Суретті түсірген П. РЕДЬКО.

Жұлдыздарға жол

Жол тауға тартты. Жас саяқатшылар отряды ұзаған сайын жоғары өрлеп барады. Кенет алдарынан күнге шағылысып күміс мұнаралар пайда болды. Бұл — Алматы маңындағы Алатау қойнауындағы обсерватория еді.

Күн сайын түнге қарай бұл мұнаралар арнаулы механизмдердің күшімен ашылады да, әртүрлі телескоптар аспанға кезенеді. Бұл аппараттар алыстағы жұлдыздар мен планеталар әлемін бізге бірнеше рет жақындатып көрсетеді. Оқымыстылар атам заманнан бері бұл әлемді зерттеп келеді. Астрономия ғылымы адам баласына жұлдыздар мен планеталар жайын ұғындырып келеді. Бұл ғылымға үлкен үлес қосқан академик Василий Григорьевич Фесенков болды. Ол осы біз әңгіме етіп отырған тау биігіндегі обсерваторияда ғылыми қызмет жүргізетін астрономдар коллективін басқарады.

Оқушылар жұлдызды аспанның

сырларын баяндаған оқымыстылардың әңгімелерін қызыға тыңдайды. Телескопқа үңіліп, жұлдыздарды өздері бақылауға құмартады. Бірақ күн жайнап тұрғанда телескопқа қайтіп үңіле аласың. Міне, осы жағдайда астрономдар балаларды ертіп алып олар әлі аралап көрмеген бір үйге әкелді. Бұл ғажайып үй — еліміздегі тау биігіне орнатылған бірінші планетарий. Шам сөнеді. Мұнаралы күмбезге ұқсап, аспанша төңкерілген экранда жұлдыздар самсайды. Көрсеткіш сәулесі сол жұлдыздар арасында бір онда, бір мұнда ойысып, лектор әңгімелеп тұрған жұлдыздар шоғырын, жұлдыздардың қозғалысын көрсетеді. Бір кезде тыңдаушылардың тілегі бойынша біздің солтүстікті зерттеуші ерлердің қазір көріп отырған жұлдыздары планетарий «аспанына» қаптап шықты.

Сөйтіп не бәрі бірнеше минуттың ішінде пионерлер талай қызықтардың сырына қанды.


ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТ ОЙЫНЫ

«БАРДЫМ, ҚАШ»

«Бардым, қаш» ойынын далада, үлкен бөлмеде, залда ойнауға болады.

Ойнаушылар екі топқа (командаға) тең бөлініп, арасы 10—25 метрдей сызылған екі сызықтың үстінде қарама-қарсы тізіліп тұрады.

Ойын басқарушы екі топтан бір-бір адамнан шақырып алып жеребе өткізеді. Жеребеден ұтқан топ екінші топқа қарап «бардым, қаш, мен барамын тұра қаш!» дегенде, екі топтың балалары қарсы



жақтың сызығынан орын алу үшін қарама-қарсы жүгіріседі. Сөз айтқан топтың балалары жолшыбай екінші топтың балаларын ұстауға тырысады. Ұстаған балаларын өз топтарына қосып алады.

Келесі жолы ұстатпай кеткен балалар «бардым, қаш, мен барамын тұра қаш!» деп, екінші топтың балаларын ұстауға кіріседі.

Ойын бір топтың балалары екінші топтың балаларын түгел ұстап, өз қатарына қосып болғаннан кейін аяқталады.

М. РАХЫМҚҰЛОВ.

Мұқабаның бірінші бетінде «Лагерьден қайтып оралу», соңғы бетінде халықтық демократия елдерінің мемлекеттік тулары.

Суреттерді салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

Подписано к печати 18/VII 1955 г. УГ06353. Бум. 84×108^{1/16}—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 19.950.

г. Алма-Ата, проспект Сталина дом № 79, редакция журнала «Пионер».
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1006.



Дешалы

УАҚЫТЫҢДА



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1955 жылғы 6-номеріндегі түрлі жұмбақтардың жауабы:

«ТАРИХИ ЧАЙНВОРД»

1. Урарту. 2. Ушаков. 3. Бакулинчук. 4. Корнилов. 5. Верещагин. 6. Наливайко. 7. Оброк. 8. Кронштадт. 9. Татар. 10. Рубикон. 11. Непрядова. 12. Алексеев. 13. Ватерлоо. 14. Одесса. 15. «Аврора».

«БҮЛ ҚАНДАЙ МӘТЕЛ?»

«Соңы сұмнан шығар.»

«ЖҮМБАҚ»

Шахмат

«РЕБУС».

«Бір күн бұрын екен, бір жеті бұрын орарсың.»

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: С. Ахметов (Қарағанды), Т. Досқараев (Арыс станциясы), К. Сырғабаяев (Нарынқол ауданы), Б. Махимов (Ырғыз ауданы), Қ. Тұяқова (Семей облысы), Н. Шағырова (Талдықорған).

ЖҮМБАҚТАР

1. Ұзамай, аз жортад,
Жол жүруге шорқақ.
Үсті толған тебен ише,
Кіріп кетер, тиге.

түрті

2. Басы жоқ, көзі бар,
Тілі жоқ, сөзі бар.
Көзге түртсең сөйлейді,
Көзім ауырды демейді.
Сұрауыңа жауап береді.
Адамға осы керемі.

3. Басы жоқ, көзі бар,
Тілі жоқ, жағы бар.
Жағымен қылып қырқады.
Ішіне жұтпайтын жануар.

4. Аяғы үшеу, құлағы төртеу,
Отсыз, сусыз тұрмайды.
Басқара мойнын бұрмайды.



КРИПТОГРАММА

Егер мына криптограммда берілген сөздердің анықтамасы бойынша дұрыс тауып, көрсетілген клеткаларға әріптерді дәл орналастыра білсеңдер, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың орыс тілі туралы айтқан нақыл сөзі шығады. Кәне, кім бұрын табар екен?


- I. Украинадағы облыс орталығы — 1. 14. 10. 5. 18.
- II. Күс — 17. 18. 6. 13. 15. 2. 18. 8.
- III. Өзбекстандағы облыс орталығы — 16. 18. 8. 19. 10. 9. 16.
- IV. Азиядағы үлкен өзендердің бірі — 13. 4. 18. 6. 18.
- V. Түркменстандағы облыс орталығы — 20. 18. 6. 15.
- VI. Қазақстандағы облыс орталығы —
- VII. Кесетін құрал — 7. 3. 19. 12.

Құрастырған Т. ӘБДИКАДЫРОВА.
Жаңарқа ауданы.

КРОССВОРД

Тігінен:

1. Азиядағы мемлекет астанасы.
3. Азиядағы ең биік тау системасы.
4. Балтық теңізіне құятын өзен.
6. Орыс совет жазушысы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты.
7. Мағынасы үкесас сөздер.
10. Документ.
14. Англиядағы өзен.
15. Уақыт өлшеуіш.
18. Физкультура.




Көлденеңінен:

2. Бұзылған мұз.
5. РСФСР-дағы облыс орталығы.
8. Пән.
9. Африкадағы қала.
11. РСФСР-дың оңтүстігіндегі өзен.
12. Волганың саласы.
13. Адам мүшесі.
17. ССРО-дағы түбек.
19. Ұрып-соғу.
20. Жәндік.

Б. МЕДЕТБЕКОВ.
Қызылорда облысы.

РЕБУС



Бұл ребусты шешкенде орыс халқының ұқыптылық жөнінде айтқан мәтелі шығады.

Алматы қаласы.


К. ҚУАТБАЕВ.

Көптеген балалардың тілегі


бойынша халық демократия елдерінің мемлекеттік жалауларының түрлерін беріп отырмыз.



Қытай Халық Республикасының жалауы.



Поляк Халық Республикасының жалауы.



Чехословакия Республикасының жалауы.




Германия Демократиялық Республикасының жалауы.



Венгер Халық Республикасының жалауы.



Румын Халық Республикасының жалауы.



Болгария Халық Республикасының жалауы.



Албания Халық Республикасының жалауы.



Корей Халық-Демократиялық Республикасының жалауы.



Монгол Халық Республикасының жалауы.



Вьетнам Демократиялық Республикасының жалауы.